Демография және оны тудырып отырған құбылыстар ауқымды әрі кең. Қазіргі кезде халықтану проблемалары бүкіл адамзатты толғандырып және құбылдыртып жатыр. Кейбір мемлекеттерде үкіметтік және қоғамдық институттар халықтың өсуіне тосқауыл қойып, тууды азайтуды көздеп, арнайы саясат жүргізіп отырады. Бұл қиянат саясаттың себебі елдердің экономикасы халықтың өсуін көтере алмай, оны шектеуге мәжбүр болып отыр. Сонымен бірге халықты шектен тыс өсу зардаптары депуляциядан гөрі басым. Бұл жағдай Қытай, Үндістан, Өзбекстан сияқты мемлекеттерге тән. Ал Еуропа елдерінде керісінше, өлім процестерінің ұлғаюы және депуляция себептерін халық санының азаюы проблемаға айналды. Еуропаның мемлекеттік органдары қалыптасып отырған өсімді сақтауға тырысады.

Демографиялық құбылыстарды, яғни оның аумалы-төкпелі өзгерістерін құдайдан басқа жүйелі де жоспарлы түрде басқарып отыру өте күрделі процес. Оның өзіндік әлеуметтік-демографиялық заңы бар. Зерттеушілердің мақсаты осы бір демографиялық құбылыстарды бағдарлап отыру.



«Демографиялық серіппелер» олардың өсуіне және құлдырауына әр түрлі факторлар және оқиғалар әсерін тигізеді. Мысалы, XIX-XX ғасырдағы соғыс жылдарындағы және басқа күрделі ала-сапыран оқиғалар қазіргі демографиялық жағдайға және экономикаға, әлеуметтік салаға, адамдардың жеке өміріне ықпалын тигізіп, қоғамның дамуын біршама қиындатып жіберді. Экономикалық және әлеуметтік бағдарлама құраған кезде демографияда болып өткен серіппелерді біліп, оны ескерту қажет [1].

Демографияға табиғаты жақын өмір құбылысының бірі – көші-қон. Оның өзіне тән заңдары болатындығы аян. Демографиялық жағдаяттар: некелесу, ажырасу, туу, өлім, табиғи өсім құбылыстары: көші-қон, оралымды көші-қондар, депортациялар құқықтық және азаматтық қоғамда халықаралық және республикалық заңдармен реттеліп отыратындығы белгілі.

Туу коэффициенттерінің төмендей себебтерінің бірі ол қазақтардағы шағын отбасыға көшуі, урбанизацияның әсері, миграцияның күшеюі себебінен де болады. Ал өлім коэффициенттеріне келетін болсақ; 1989-2001 жылдар аралығында ол басқа ұлттардағы сияқты аса құбылмалы өзгерістерге ұшыраған жоқ еді. Осы жылдар аралығында өлім коэффициенттері ең көп көтерілген жыл-1996 жыл болды. Онда өлім коэффициенті бір деңгейде болып отырды, өзге ұлттармен салыстырғанда қазақтардың өлім коэффициенттері әзірбайжандар және өзбектерден жоғары болды, ал шығыс славян халықтарынан төменірек болды.

Жалпы, 1989-2001 жылдар аралығында мұсылман халықтарының туу динамикасының тенденциясы төмендеу бағытында болады. Мәселен, осы жылдар аралығында әзірбайжандардың туу коэффициенттері 36%-ға азайған, өзбектер 22%-ға азайды. Ал орыстар мен белорустарды алатын болсақ, олардың туу процесі 52%-ға сай келеді, украиндер де сол сияқты. Немістердің де тууы айтарлықтай азайғанын көріп отырмыз. Қазақстан Республикасында 1989 жылғы халық санағында 16199,2 мың адам тіркелді [4].

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі демографиялық ахуалындағы басты ерекшелік – тұрғындар санының күрт кемуі. Соңғы халық санының мәліметтеріне қарағанда, елдегі тұрғындар саны 1 млн 246 мың адамға 7,7%-ға азайды. 1989 жылы қазақстандықтадың саны 16 млн 199 мың адам болса, қазір 14 млн 953 мың адамды құрады. 2724,9 мың шаршы км жерді алып жатқан. Қазақстанның әлемдегі халық аз қоныстанған елдер қатарында екендігін аңғартады. Демографиялық саясаттың мәселелерінің бірі қоныстану үрдісі. Еліміздегі қоныстану үрдісі бірнеше маңызды факторлардың әсерімен туындап, ол факторларды есепке алмай қала мен елді мекендердің қоныстану көрсеткіштеріне баға беру, әсіресе оларды болжау мүмкін емес.

Қоныстану мәселелері экономикалық мүддемен тығыз байланысты, өйткені Қазақстанда депопуляциялық үрдістер орын алып, адамдар ресурстарын сақтап қалу үлкен проблемаға айналуға айналуда. Қазақстандағы халық қоныстануының қазіргі үрдістері мынандай факторлардың тобымен анықталып, олардың маңызы алдағы болашақта сақталынатын болады.

Бірінші Кеңестік Одақтың ыдырауымен тікелей байланысты. Бір кездегі бірінғай елдің халқы республикалардың дербестігіне байланысты жүзеге асып жатқан үрдістердің қысымымен лажсыздан байырғы және байырғы емес халық деп бөлінеді. Бұл көші- қон үрдісіне әсер етіп, оның құрылымы және көлемі, сонымен бірге көші-қон тасқынының бағыттарын анықтайды.

Екінші факторлар тобы терең экономикалық дағдарыс, тұрмыстың екпінді қымбаттауы және оның дәрежесінің төмендеуі, жұмыссыздықтың пайда болуы, халықтың жіктелуімен байланысты болып отыр.

Үшінші факторлар тобы нарықтық қатыныс дамуымен байланысты. Еңбек нарығы мемлекеттік сектормен байланысы жоқ, жұмыспен және еңбек ақымен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар қуатты жаңа ынталандыруға ие болды.

Төртінші фактор нарықтық қатыныстардың дамуы салдарынан туған айырмашылығымен байланысты.

Бесінші топ демократияландырумен байланысты факторларды құрайды. Еркін келу және кетуге жағдай жасалынады. Эмиграция және иммиграция, шетелдерге оқуға, демалуға, жұмысқа бару, шетелдерде уақытша тұру қалыпты жағдай болуда. Бұл факторлар аймақтар арасында және олардың өз ішінде халықтың географиялық қайта бөлінуін заңды түрде тудырады.

Атап айтқанда, аймақтық айырмашылықтар болашақта, біздің пікірімізше, халықтың тек географиялық қайта бөлінуіне ғана емес, сонымен бірге халықтың географиялық қоныстану жүйесі мен желісіне әсер етеді. Көп жағдайда бұл халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуі, қызметкерлердің

босау үрдісінің белсенділігінің, жұмыссыздықтың жұмысқа орналасу дәрежесінің төмендеуімен, еңбек рыногындағы бөліну, құрылымдық жұмыссыздық көлемінің үдеуімен, ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың көбеюімен анықталады. Жұмыспен қамтамасыз етудің ең төменгі деңгейі Қостанай (86,6%) және Оңтүстік Қазақстан (88,5%) облыстарында байқалады. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысында республика бойынша жұмыссыздардың жалпы санына шаққанда жұмыссыздар саны үлес салмағы ең жоғарғысы 13,0%, Шығыс Қазақстан облысында 75,5%, Қостанайда 5,2%. Халықтың жынысы және ұйымдарда штаттың қатысуымен одан әрі жүзеге асуда [4].

Сонымен елдің, аймақтың, елді мекеннің халқының саны екі түрлі факторларға байланысты.

Бірінші факторға – туу мен өлудің нәтижесінде ұрпақ ауысуы немесе халықтың табиғи өсімі, ал екіншісі адамдардың бір жерден екінші жерге қоныс аударуы немесе оны халықтың механикалық қозғалысы (көші-қон) деп атайды. Туу мен көшіп келу тұрғындар санын көбейтсе, ал өлу мен көшіп кету, керісінше азайтады. Халықтың табиғи қозғалысын демография зерттейді. Олардың негізгілері – туу (туғандар саны), өлу (өлгендер саны) және табиғи өсім (туғандар мен өлгендер санының айырмасы). Халықтың негізгі өндіруші бөлігі еңбек қорларын анықтауда оның жасы басты өлшем болып табылады. Бұл үшін мемлекет жұмыс жасының шегін белгілейді әр елдерде олардың аздаған айырмашылықтар бар. Ол Қазақстанда еркектер үшін 16-62 жас, ал әйелдер үшін 16-57 жас. Сонымен қатар еңбек етуге қабілеті бар адам, халықтың еңбек ресурсың құрайды. Еңбек ресурсың құрамына мүмкіндігі шектеулі адамдардан басқа жұмыс жасындағы барлық, сонымен қатар жұмыс істейтіндер жасөспірімдер, зейнеткерлер жатады. Сондықтан олардың шамасы халықтың санына, жастық құрылымына байланысты. 1990 жылдардың басында Қазақстанның еңбек ресурсы 9,3 млн адамдай болды. Қазіргі кезде олардың саны азайды (2004 жылы – 8,5 млн), ол елдің еңбекке жарамды адамдардың көптеп кетуімен және халықтың қартаюуымен байланысты. Нарықтық экономикалы елдерде экономикалық белсенді халық (ЭБХ) деген ұғым кеңінен қолданылады. Экономикалық белсенді халық – бұл қоғамдық өндіріспен айналысатын, немесе оған қатысуға тілек білдірген жұмысқа жарамды халық. Экономикалық белсенді халық жұмыс істейтін (айналысатын) адамдар мен жұмыссыздар жатады. Ол экономикалық белсенді емес халықтың, яғни оқушылардың (15 жастағы және одан жоғары), студенттердің, әскері қызметкерлердің, үй шаруасындағы адамдардың есебінен жаңарып отырады. Қазақстан халқының жартысынан астамы экономикалық белсенді (7,7 млн адам) болып есептеледі. Олардың басым бөлігі (90%-дан астам) жұмыспен айналысатын адамдар (жалдамалы және ерікті жұмысшылар, жұмыс берушілер, кооператорлар, отбасылық мекемелердің жұмысшылары) және 8 % - дан азы - жұмыссыздар. 1990 жылдары елде жұмыс істейтін адамдар саны қысқарып, керісінше, жұмыссыздар саны өсті. Қазіргі уақытта экономиканың жылдам көтерілуі жұмыс орнын көбейтіп, жұмыссыздар санының азаюына оңды әсерін тигізді. 1999 жылы әрбір жетінші жұмысқа жарамды қазақстандықтың жұмыс орны болмаса, 2005 жылы әрбір он үшінші қазақстандық жұмыссыз болып есептеледі. Дегенмен, жұмыссыздық деңгейі әлі де жоғары. Үкімет оны таяу жылдардың ішінде едәуір азайтуды міндет етіп отыр. Қазақстанда экономикалық белсенді халық біркелкі орналаспаған. Ол барлық халықтың орналасу «бейнесін» түгелдей қайталайды. Жоспарлы экономика кезінде негізгі жұмыс беруші-үкімет болды. Нарыққа өтер кезде қызметтің көп түрі жеке кәсіпкерлерге берілді. Содан кейін жұмыс күшінің бөлігі жеке секторға ауыса бастаған болатын [3].

Сонымен халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуі, жақсы жерге қоныстануы демографиялық жағдайға әсер етеді. Аумақтың ауданы бойынша Қазақстан 8 елдің алда екенін білеміз. Бірақ халықтың саны жөнінен біз әлемде 61 орында ғанамыз. Біздің үлкен мемлекетіміз үшін 15 млн халық аздық етеді. Халық санының аз болуы аумақты игеруді, ішкі көлемді рыноктың қалыптасуын, еңбек әрекетінің ұлғаюын шектейді. Ол елдің қорғаныс қабілеті жөнінен де қолайсыз болып отыр. Сондықтан халық санының көбеюі – мемлекеттің басты мәселесі болып саналады.

«Қазақстан-2030» стратегиясына жеке -25 млн адам деп аталған. Демографтардың есебі бойынша, 2010 жылы елде 17,5 млн адам тұрғын, ал 2015 жылы -20 млн болуы мүмкін. Мұндай болжамдар ішкі және сыртқы факторларды есепке ала отырып жасалған. Ішкі себептерге елдегі ең саны көп ұрпақтың (400-420 адамның) неке жасына жетуі жатады. Сонымен қатар Қазақстан тууды көбейтуге бағытталған белсенді саясатқа көшуде. Ол аналарға жеңілдік пен жәрдемақы, жас отбасыға көмек беруді қарастырады. 2006 жылдан бастап баланы бір жасқа дейін баққанда берілетін жәрдемақы қосылады. Аз қамтылған отбасыларға бала 18 жасқа келгенше көмек көрсетіледі. Осы мақсаттарға 2006 жылдан бастап мемлекет бюджетінен 16 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. Бұл жағдайдың бәрі демографиямыздың көтерілуіне ықпалы зор. Жалпы 1999 жылы санақтың мәліметтері бойынша халық саны

14 млн 953 мың адам, табиғи өсім –минус 128 мың адамды құрады. Демек 2000 жылы 1-қаңтардағы халық саны 14953 мың +60мың –(128мың) =14885 мың, немесе 14 млн 885мың адам. Қазақстанның 2004 жылы абсолюттік демографиялық көрсеткіші төмендегідей болды. Туғандар саны-273 мың адамға тең. Нақ осы көрсеткіштер салыстырмалы шамада: туу -18,2 %, өлім 10,01 %, табиғи өсім 81% -ті құрады.

2015 жылы халықтың санын 20 млн-ға жеткізуді жоспарлап отырған Қазақстанда шаралар қолға алынып отыр.

Қазақстанда демографиялық ахуалды 3 кезеңмен қарастырады.

1-ші кезең, демографиялық дағдарыс кезеңі (1993-1997 жылдары) дәл осы кезеңдерде республикадан 2 млн адам өзге мемлекеттерге қоныс аударған.

2-ші кезең, 1997-2000 жылдар аралығы, демографиялық ахуалдың біршама тұрақталған кезеңі.

3-ші кезең, 2000 жылдан бүгінге дейін демографияның алға жылжыған кезі. Бұл жылдары елімізден сыртқа кетушілерден келушілер саны көбейіп, дүниеге келген нәрестелер саны 15 млн-ға жеткен. 2006 жылы елімізде жаңа өмір есігін ашқан сәбилердің саны 300 мыңнан асқан екен. Егер табиғи өсім осы қалыппен жүретін болса халықтың саны 20 млн-ға жеткен болар еді деп болжауда. Белгілі демограф ғалым Мақаш Тәтімов халықтың саны 2025 жылы ғана 20 млн-ға жетуі мүмкін деген болжам айтуда. Қазақстан сияқты алып территориялы мемлекет үшін 15 млн халық тым аздық ететіндігі белгілі. Қазір халық санын көбейтіп, территорияны игеру керек.

Халықтың санын көбейтудің 2 жолы бар. Бірі - табиғи өсім. Бұл үшін аналарға жасалатын көмек, медициналық жәрдем және әлеуметтік жәрдемақылар өсуі керек.

Екіншісі-шетте жүрген қандастарымыздың отанға оралу. Бұл салада да істелініп жатқан жұмыс жоқтың қасы. Жыл сайын 500 отбасын мемлекеттік көші-қон квотасы бойынша қолданыс тапты. Бұл көші-қон саласындағы сыбайлас жемқорлықты өршіткеннен кейін басқа пайда бермей отыр. 2002 жылы 1 желтоқсанындағы еліміздің халық саны алдын ала дерек бойынша 14830мың адамды құрады, соның ішінде 8376,5 мыңы (56,5%) қалалықтар және 6453,5 мыңы (43,5%) ауылдықтар. Халық саны жыл басымен салыстырғанда 9,1 мың адамға өсті. 2002 жылы қаңтар желтоқсанындағы халықтың табиғи өсімі 69004 адам ал 2001 жылдың қаңтар желтоқсанында 69016 адам болған. Айырмашылығы бар жоғы 9 адам ғана.

Соңғы кезде елімізде ана мен балаға жасалынатын қамқорлық күн өткен сайын жақсарып келеді. Елдегі туу көрсеткішінің өлім көрсеткішіне қарағанда жоғары болуы осының жарқын көрінісі. Бұл, әрине дамудың жаңа бағыттарының бірі ретінде демографиялық саясатқа басымдық беріп отырған Қазақстан үшін қуанышты жағдай. Мысалы, туу көрсеткіш мың адамға шаққанда 2001 жылы 14,9 % құраса, 2005 жылы 18,4% - ға жеткен [2].

Ендеше, бүгінгі таңда халық санын жедел өсіруге кедергі келтіріп отырған негізгі мәселелерді түйінін шешпей туу көрсеткішін жақсарту керек. Осыған орай келгенде халық санының өсуін тежеп отырған қолайсыз факторлар да жетерлік.

Ел басымыз өзінің соңғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында еліміздің демографиялық жағдайына ерекше көңіл бөліп, бұл салада ең алдымен ана мен балаға жағдай жасауды алға қойды.

1. Галиев А. «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1991)». Автореф.-д-ра ист. Наук. Алматы. 1994

2. Зарипов А. Я. «Общие проблемы этногенеза и научная теория». Журнал социологии и социальной антропологии. – 1999. -№4

3. Мақаш Тәтімов Ж.Әлиев «Дербестігіміз демографияда» А.1999.

4. Л.Х. Төлешова «ХХғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік демографиялық дамуы мәселесінің тарихнама-сы» А.1999.

5. Асылбек М. Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық ахуалы. // Қазақ тарихы 2001, №5.40бет.

6. Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана. 2007 жылғы 28 ақпан.

#### Резюме

Данная статья посвящена вопросам демографического состояния в Республике Казахстан и решения вопросов улучшения демографической ситуации

#### Summary

This article deals with the demographic status in the Republic of Kazakhstan and issues for improving the demographic situation

ОӘЖ:556.3(282.255.513.2):528.931.2.

## ШАРЫН ӨЗЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГИДРОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қ.К. Мұздыбаева - г.ғ.к, доц.м.а. Абай атындағы ҚазҰПУ,

А.Қ. Жақсылықова - Абай атындағы ҚазҰПУ II курс магистранты

Шарын өзені-Іле өзенінің сол жағалау арнасы (сурет 1). Алматы облысының Райымбек Ұйғыр аудандары жерімен ағады. Бұл тау өзені. 427 шақырым ұзындықта ағып жатқан Шарын өзені бастауын Теріскей және Күнгеі Алатауларынан, Кеген жотасының оңтүстік беткейлерінен алады. Биіктік белдеулерінің бәрінен өтетін Шарын өзені негізінен мұздық, жауын-шашын суымен қоректенеді. Бұл өзенінің үлкенді-кішілі 27 саласы бар. Ірі негізгі салалары: Кеген, Кенсу, Қарқара, Темірлік және Орта, Шет Мерке. Жалпы Шарын өзенінің су жинау алабы 7720 шаршы шақырым. Өзен көктемгі-жазғы кезеңде тасып, күз бен қыста сабасына түседі. Суы тұщы, минералдылығы 150 мг/л-ден 560 мг/л-ге дейін өзгереді (кесте 1). Көп жылдық орташа су ағымы 37,7 м<sup>3</sup>/с, тасынды ағындысы 11,1 кг/с. Өзен бойында ұзындығы 208 шақырымдай, жалпы аумағы 25,0 мың га жерді суаратын және суландыратын су құбыры жүйелері тартылған. Олар: Ортатоған, Қаратоған, Ұрықшы, Құмтекей, Дараты, Белтоған, Жаңа Жеміс, Төменгі Шонжы. Шарын өзенінің атыраулары да әр түрлі: қайнар кезінде-Шалкөдесу, онан кейін Кеген, тау етегі жағасында-барлығымызға мәлім Шарын деп аталады. Көктемгі тасқынына (сәуір-мамыр) байланысты өзен суы да жылдық ағыны 40 % - нан көбі жұмсалады. Жазғы су тасқыны (шілде-тамыз) қуаты жағынан екі есе аз. Жалпы жылдық жұмсалуды 25-49 куб.м/сек аралығында ауытқиды. Жылдың жылы мезгілінде су температурасы әрқашан қалыпты қолайлы. Сарытоғай мекенінде (Шаған тоғайы) сәуірде температура 8,2 °С, шілдеде+0,2 °С арқылы өтеді. Қыркүйек соңында өзен жағалаулары мұз жабылады, ол ақпан соңы мен наурыз басында ериді. Өте сирек, шамамен 10 жылда бір рет өзен толығымен қатады, мұз қалыңдығы 30-33 см-ге жетеді [1].

Кесте 1-Шарын өзенінің ерекшелігі

Өзен	Бастауы	Әкімшілік аудан	Ұзындығы (км)	Су жинау алабы (км <sup>2</sup> )	Суының минералдылығы (мг/л)	Басты салалары
Шарын	Теріскей, Күнгеі Алатауынан, Кетмен жотасының оңтүстік беткейінен.	Ұйғыр, Райымбек, Еңбекшіқазақ.	427	7720	150-560	Кеген, Кенсу, Қарқара, Темірлік, Орта, Шет Мерке.

Шарын өзені бойын жергілікті халық әр тұстағы көрінісіне, жер бедерінің реңіне, ерекшелігіне, бітім-болмысына қарап, төрт түрлі бөлікпен атаған екен. Мысалы, бас жағындағы ағашы мол және өзеннің екі жағындағы тасы ағарып тұрған жерді Ақтоғай десе, ортадағы құмдауыт, шағыл қызыл керіш шатқалды Көртоғай деген. Енді Көртоғайдың жазыққа шығар қылта-қысаң жерін Мойынтоғай депті. Одан төмен тік ағындағы сарғыш келген, емініп тұрған ен тоғайды Сарытоғай деп атаған екен [2].

Өзен аңғарларында өсімдіктердің өсуіне қолайлы жағдайы мен экологиялық түрлі тіршілік ортасы болуына, Солтүстік Тянь-Шанның ірі тау құрылысы әсеріне, территорияның Қазақстан және жоңғар шөлдері арасында шекаралас орналасуына байланысты өсімдік жабыны бай және өзіндік ерекше. Мұнда өсімдіктердің жеті типі (далалы, шөлді, бұталы, орманды, тоғайлы, шалғынды және батпақты), құрамы жағынан қайталанбас 70-тей өсімдік бірлестіктері бар.

Су арнасы маңында тал, жиде, шырғанағы басым ештеңе өтпестей қалың тоғайлар қалыптасқан. Олардың құрамында лиана -шығыс жібілгені, сібір түйешырмауығы, арамшөп калистегия көп. Жоғарғы сортаң жайылма сатыларда тағы бір қалдық түрдің шөл терегі-тораңғының сирек орманы кездеседі. Олар флоралық құрамы жағынан өте ерекше, өйткені тораңғының екі түрінен басқа (көкжапырақ және түрліжапырақ), мұнда шаған көп мөлшерде кездеседі.

Сонымен қатар қара сексеуіл мен галофитті бұталар-сорқаңбақ, қарабарак, сібір актікені, жыңғылдар мен сирек кездесетін қызылкітаптық түр Михельсон кермегі топтары бар [3].



Сурет 1. Шарын өзені-Іле өзенінің сол жағалау арнасы

Шарын өзенінің басты салаларының ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Басты ірі салалары қатарынан алты саласын қарастырып өттік.

1. Қарқара, Шарынның сол жақ тармақ өзен. Ұзындығы 65 шақырым, су жинау көлемі 1802 км<sup>2</sup>. Бастауын жоғары тау қоймасы Теріскей Алатаудың 2940 м биіктігінен ағып келіп қосылатын екі көзінен (Көкжар, Түрік) алады. Өзеннің кеңістігінің жоғарғы жағы тар, үлкен баурайлы. Арнасы табалдырықты және үлкен еңісті. Таудан шыққан жеріндегі арнасы бірнеше арнашаларға бөлінеді, ауданда судың жартысы аллювиальды шөгінділерге айналады. Ағыс бойынша төмен жағы судың ағысы тармақтар және жерасты бұлақтары есебінен қайтадан көтеріледі. Қарқараның маңызды тармақтары Йірсу, Желтқарқара және Шекжалаңаш. 1775 м биіктікте Қарқара мен Кеген қосылады және тау аралық шұңқырда кең батпақты жайылма түзеді. Қорегі қаржаңбырлы және бұршақты, жартылай мұзды. Таудан шыққан судың температурасы маусымда +9 °С, шілдеде +12 °С, тамызда–10 °С. Орташа жылдық шығыны 11,3 м<sup>3</sup>/с.

2. Кеген–Шарын өзенінің кең жатқан Кеген–Қарқара ойпатынан ағып шығатын бөлігі (ұзындығы 80 км). Өзеннің аумағы кең, үлкен баурайлы. Арнасының кеңдігі 15 - 30 м. Ағыспен төмен қарай аумағы тар шатқалға, сайға келіп соғылады, Құлықтау және Күнгей Алатау арасында, сол жағында Қарқара өзені құлайды. Тағы да төмен жағында Құлықтау тауының аумағында сол жағында Талдыбұлақ, Кенсу, Орта меркі, Шет меркі өзендері құлайды, төменгі жағы Кеген өзенінің Шарын атауын алады. 2 км төмен жақта Үлкен Талдыбұлақ өзенінің орташа жылдық шығыны 21,8 м<sup>3</sup>/с.

3. Өзен Кенсу–Шарынның сол тармағы. Ұзындығы–43 км, су жинау көлемі–310 км<sup>2</sup>. Бастауын солтүстік баурайынан Күнгей Алатау су қоймасынан алады. Жоғарғы бөлігі терең жартасты шатқалға құйылады, кесе тәріздес ені 500-700 м және ұзындығы 8 м құрайтын ойпатқа жиналады. Ойпат каньон тәріздес шатқалмен аяқталып, Шарынға дейін созылып жатады.

4. Өзен Орта Меркі–Шарынның сол жақ тармағы. Ұзындығы–34 км, су жинау көлемі – 144 км<sup>2</sup>. Бастауын солтүстік-шығыс баурайындағы Күнгей Алатау су қоймасынан алады. Бастауы орташа деңгеймен ағады, ал орташа ағыста-кеңістік ассиметриялы: сол жақ баурайы үлкен, оң жағы жайпақ жағалы. Төменгі ағыста ұзындығы V-бейнелі формада, құйылыс аймағында–каньон тәріздес шатқал бар.

5. Өзен Шет Меркі–Шарынның сол жақ тармағы. Ұзындығы–34 км, су жинау көлемі–130 км<sup>2</sup>. Бастауында–енді кеңістік, құйылыс бөлімінде–каньон тәріздес шатқал бар.

6. Өзен Темірлік–Шарын өзенінің оң жақ (соңғы) тармағы. Су жинау аумағы 520 км, ұзындығы 58км, ені 6-8 м, тереңдігі 0,5-0,6 м, 9 метрге орташа жылдық шығыны 1,86 м<sup>3</sup>/с, дегенмен екі есе шығын мамырда, маусымда, шілдеде байқалады, ал аз шығын қаңтар-ақпанда байқалады. Бірнеше жылдық ауыспалы шығыны 0,78-ден 12,8-ге дейін құрайды. Қоректік ортасы–аралас, қар көшу, жаңбыр және бұршақ сулары есебінен. Судың температурасы шілде айында +22 °С көрсетеді (кесте 2) [4].

Кесте 2. Шарын өзенінің басты салалары

Өзен	Ұзындығы (км)	Су жинау алабы (км <sup>2</sup> )
Қарқара	65	1802
Кеген	80	-
Кенсу	43	310
Орта Меркі	34	144
Шет Меркі	34	130
Темірлік	58	520

Өзен таудан тасқынды ағынмен ағады, олардың арналары үлкен тастармен жабылған, сондықтан қатты ағыс көбіне үлкен әдемі сарқырамалар түзеді. Өткен миллиондаған жылдар ішінде өзен карбон дәуірінің ежелгі түзілістерінің қалың қабаттары мен атпа тау жыныстарын тілімдеп тастаған. Нәтижесінде үлкен өте әдемі терең аңғар пайда болды, ол–Шарын ұлттық бағының басты көзге түсер байлығы. Ол соңғы онжылдық ішінде саяхатшылардың келуі жағынан ең жоғарғы орынды алады. Бұл аймаққа жер бедерінің қатты тілімденуі тән жағдай. Иректелген, қиылысқан, одан қайта айырылған көптеген тік жарлар мен жыралар қалың тәртіпсіз тор түзеді, оны «бедленд» деп атайды. Ғылыми әдебиеттерге сіңген бұл термин ағылшын тілінен аударғанда «жаман, жеміссіз жер», яғни «жетуі қиын, өңдеуге жарамсыз жер» дегенді білдіреді. Бедленд пен Шарын аймағының басқа жерлері бедері алуан түрлі–аласа тау, шоқылар, жазықтықтар, құм сілемдері, терең аңғар мен оған түсетін беткейлерде көптеген сатылар, сөрелер, үңгірлер, ғажайып жалқы жартастар және т.б. Әр түрлі жастағы геологиялық жиынтықтар–палеозойдың атқылап жатқан кристалдық және метаморфтық тау жыныстары, неоген дәуірінің шұбар түсті шөгінділері және оларды жауып тұратын төрттік дәуір түзілістері әдемі көрінеді. Осының бәрі бірлескен күйде ауа райы көрсеткіштерінің тез ауысуына байланысты жердің бірегей ландшафтының алуан түрлілігін түзеді [5].

Қорыта келе, геологиялық, тарихи, гидрографиялық жағынан ерекшеленетін, рекреациялық мүмкіндігі мол Шарын өзені аймағын талайды таң қалдырып, таңдай қақтырар орынға айналдыруға әбден болады. Оның бір мысалы ретінде Шарын өзенінің суының молдығы мен ағысының қарқынына бүгінде әуесқой спорт шеберлерінің қызығушылығы артып, спорттық база салу керектігі көзделіп отырғандығын айтуға болады.

1. Аяған Б. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы /IX том. - Алматы, 2007. –Б 457.

2. Айдарханұлы Ж. Мұқағали журналы Шарын шатқалы №6, Б 47.

3. Огарь Н.П. Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары. - Алматы, 1999. –Б 71–79.

4. Науменко А.А., Попов. А.В. Бассейн реки Чарын. Словарь справочник по физической географий (учебное пособие).

5. ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің Шарын Мемлекеттік Ұлттық паркі мемлекеттік мекемесінің аумағын кеңейтудің кейбір мәселелері туралы ҚР Үкіметінің қаулысы: 2009 жсылы ақпан №121 // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы/2009. -№9.-Б 131-132.

## Резюме

### Река Чарын и ее гидрографическое состояние.

В этой статье рассматриваются особенности реки Чарын. Река Или имеет несколько рукав и левое разветвление Чарын объединяет около 27 рукав. В данной статье освещается исторические особенности этой горной реки. Река Чарын отличается своей флорой и прекрасной атмосферой.

## Summary

### The river Sharin and its hydrographic condition.

The main advantages of the Sharin river would be discussed in this article. The river Ili has several sleeves and the left branch Sharin unites 27 of them. In this article described some historical features of the river. The river Sharin is important part of mountainous clean fresh air of floras.

ӘОЖ 911.3(574.51)

## КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕНІ ДАМУДАҒЫ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

**Ғ.А. Усенов** - Абай атындағы ҚазҰПУ, ф.э.к. доцент,  
**Ж. Нұрмағамбетұлы** - Абай атындағы ҚазҰПУ, II курс магистранты

Қазақстан Республикасында, сондай-ақ әлемдегі барлық елдерде ұлттық экономиканың және аймақтық экономиканың қазіргі таңдағы дамуы бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы даму ерекшеліктерімен сипатталады.

Қазіргі таңда әлемдік тәжірибеде экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кластерлерді қалыптастырып, дамыту кең өріс алуға және бұл процесс әлем елдерінің 50% -ын қамтыды [1].

Осыған байланысты ел экономикасын кластерлік дамытудың шет елдік тәжірибесін қарастырудың негізгі мақсаты айқын туындайды.

Кластерлік жүйе дамыған мемлекеттер экономикасының 50%-ын қамтып, дүниежүзілік капитализм дамуының жаңа бағыты ретінде көрінуде. Мысалы, АҚШ экономикасының 32%-ын кластерлік жүйе жұмыспен қамтып отырса, Швеция экономикасында бұл көрсеткіш 39%-ды құрайды. Әлемдегі орман ресурсының 0,5%-ын алатын Финляндия кластерлік жүйенің арқасында дүниежүзілік ағаш өнімін өңдеп, экспорттауда 10%, қағаз экспорттауда 25%-дық үлеске ие. Сонымен қатар, телекоммуникациялар нарығында дүние жүзі бойынша ұялы байланыс құралдарының 30%-ын, ұялы телефондардың 40%-ын экспорттайды. Сингапурда шикізат ресурстары болмаса да қызмет көрсету технологиялық кластерін дамыту жолға қойылған.

Италияда текстиль кластерінің үлесі өндіріс көлемінің 12%-ын құрап, 6 млн. жұмысшыны жұмыспен қамтып отыр. Кластерлік жүйеден бюджетке түскен салық мөлшері 20%-ды құрап отыр. Ал, Кеңес Үкіметі кезінде текстильді және жеңіл өнеркәсіп үлесі бюджет түсімдерінің 27%-ын құраған [2].

АҚШ кластерлік қозғалыстың озаты, себебі кластерлік моделді жасаушы болып табылатын М.Портер дәл осы жерде өзінің өндірістік кластерлерді дайындаудың теориялық және іс-тәжірибелік негіздерін жүргізді, ал американдық ғалымдар аймақтық экономиканың даму принциптерін зерттеді. Аризона, Калифорния, Коннектикут, Флорида, Миннесота, Солтүстік Каролина, Огайо, Орегон, Вашингтон штаттары бұл процесті басқарып, оған сай бағдарламаларды қабылдап, жүздеген қалалар мен территориялар өзіндік кластерлік стратегияларын өңдеп шығарды. Мамандардың жалақысы жылына 125 мың АҚШ долларын құрайтын, кластердің әйгілі үлгісі «Силиконды алқап» болып табылады, онда 2,5 млн. жұмыспен қамтылған. Алғаш рет «Силиконды алқап» атауы 1971 жылы журналист Дон Хофлермен Пало Альто қаласына жақын аймақты белгілеу үшін қолданды. Калифорнияның солтүстігіндегі бұл аймақ ХХ-шы ғасырдың ортасына дейін өрік пен грек жаңғағын өсірумен ерекшеленген ауыл шаруашылығымен белгілі болды. Қазір ол әлемдегі жоғары технологиялар мен инновациялар дамуының ірі орталықтарының біріне айналды, себебі Hewlett-Packard, Cisco Systems, Sun Microsystems және Yahoo секілді, электроника бағдарламалық құралдар, биотехнологиялар және басқа жоғары технологиялар аясында әлемге танымал компаниялар өз әрекеттерін бастап, жалғастыруда.

Бұл елде мемлекет тарапынан кластерді қолдау комиссиялары құрылған, мұндай талдау жұмыстарымен ғылыми орталықтар мен университеттер айналысады. Комиссия кластерге қатысушылардың үлесін анықтайды, тосқауылдарды жоюға және кластердің нығайуына ықпал жасайды, алғашқы капитал штатпен бөлініп, кейін жеке компаниялардың қаражаттары тартылады. Американдық кластерлердің негізгі сипаты ғаламдық бәсекеге қатысу, ал басымдықтары әріптестік принциптерге негізделген жұмыстың инновациялық келістері саналады.

Алайда, бәсекеге қабілетті өндірістердің дамуының кластерлік модельдеріне тек қана жоғары технологиялық өндірістер ғана негізделмеген. Американдық кластерлік модельдің негізі болып, штат билігінің тарапынан инвестициялау, бұдан кейін жеке компаниялар мен инвесторларды тартудың құралдары мен мүмкіншіліктері туындаған. Белгілі салаға арналған АҚШ-тың тәуелсіз штаттарының дамуын кластерлеудің негізі деп санауға болады. АҚШ-тың оңтүстігі мақта, солтүстігі өнеркәсіп, соның ішінде автокөлікті Детройт, қаржылық Шығыс (Нью-Йорк) және ойын-сауықты Батыс (Голливуд), мұнайлы орталық (Техас), Лас-Вегастағы ойын бизнесі және т.б. мысал ретінде қарастырылады [3].

Бүгінгі таңда экономиканың кластерлі дамуының үлгі болатын мысалы Финляндия экономикасы болып табылады. Финляндияда экономика құрылымын сараптауға кластерлік тұрғыдан келу оның алғаш рет 1991-1993 жылдарда өнеркәсіптік саясатта қолданысқа түскенінен бастап әйгілі болды.

Финляндия экономикасының зерттеу институтының мамандарымен «шығын-шығарылым» кестесін сараптау әдістерімен тоғыз негізгі кластерлер теңестірілді: орман, ақпарат және телекоммуникация, металлургия, энергетика, бизнес-қызмет көрсету, денсаулық сақтау, машинақұрылысы, тағам, құрылыс.

Өндірістік саясаттың қалыптасу көзқарасы тұрғысынан тұрақты және әлеуетті кластерлер көп қызығушылық тудырады, яғни, ақпарат және телекоммуникация технологиясы секторларының бәсекелес потенциалды кластерлер қатарына Финляндия тиімді дамыған кластерлердің мысалы ретінде дүниежүзінде өз саласында үшінші орын алатын Nokia компаниясы орналасқан Оулу қаласы болып табылады. Оның гүлдену кезеңі 1992 жылы өз компанияларының бірнеше бөліктерін сатып, ұялы телефондарды шығаруда мамандандырыла бастағаннан басталады. Сол кезде жылына 50 млн. комплект шығаратын ол 1999 жылы сатылым көлемін бес есе, ал 2002 жылы 1 млрд комплектке дейін жетті. Оулу қаласы полярлық шеңбердің тұсында орналасқан, барлық кезеңде балықшылар мен бұғы өсірушілердің қаласы ретінде танымал болды. Қалада 100 мың адам тұрады, оның 6 мыңы Nokiaда жұмыс істейді. Телекоммуникация жабдықтарын шығара отырып компания өз айналасында микроэлектроника мен бағдарламалы қамтамасыздандыруда маманданған 120 мекеменің басын қосты. Жоғары технологиялар орталығының ғылыми негізі 1950 жылдары құрылған университет болды. Еуропаның ғылыми парктерінің алғашқы біреуі осы Оулу қаласында 1982 жылы ашылды. Кіші және орта мекемелерінің ортасындағы «Технополис» өз қызметін телекоммуникацияға қарай бұрды. 1990 жылы медицина мен биотехнология ағымын басқарған Mediapolis құрылды, оның ішінде өз ісін жүзеге асырған 50 компания болды, олар дәрі-дәрмек, медициналық құрал-жабдықтар, диагностикаға арналған қажетті заттар шығару, денсаулық сақтауға арналған бағдарламамен қамтамасыз етумен айналысты.

Фин кластерлерінің бетке ұстар фирмаларының қатарына Eriksson, Siemens, Fujitsu, IBM және т.б. сияқты транснационалды компаниялардың өндірістік қызмет көрсету салалары жатады. Финляндияда өнеркәсіптер мен зерттеу орталықтарын құру тек ТНК тұтынушыларға жақындату мақсатында ғана емес, мамандандырылған жұмыс күшін пайдалану және ұлттық инновация жүйелерінің мүмкіндіктерін қолдануды көздейді [4].

Жапонияда кластерлік шешімдерді жүзеге асырудағы тәжірибе Хоккайдо аралында жинақталған, 1990 жылы өнеркәсіптік кластерлерді дамытуды ынталандыру мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша мемлекетпен Орталық ұйым құрылған. Даму процесінде іскерлік белсенділікті жоғарылату, жобаны талқылау және дамыту жоспары, байқау кеңесі құрылып, жұмыс тобы қалыптасады.

Елде шағын және орта кәсіпорындардың үлесі компаниялардың жалпы санының 99,6%-ын, ЖІӨ-нің 55%-ын және өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың 80%-ын құрайды. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттің қолдау саясатын жүзеге асыру үшін арнайы органдар құрылған. Жапонияда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі шаралары: біріншіден, шағын және орта бизнесті жаңғырту үшін берілетін жеңілдік несиесі және несиені сақтандыру мен кепілдік жүйесі арқылы қаржыландыру мүмкіндіктерін алуды жеңілдету, екіншіден, бизнес-инкубаторлар құру, инвестициялық жобаларды бағалау, рыноктық жағдайлар туралы мәліметтер алу, персоналды басқару, менеджмент, салық салу сауалдары бойынша қысқа мерзімге мамандармен қамтамасыз ету, үйретуші бағдарламалармен жабдықтау, үшіншіден, техникалық көмек, қаржылық және заңдылық қолдау арқылы жаңа және венчурлық бизнесті құруды ынталандыру, төртіншіден, ғылым, бизнес және үкімет арасындағы ынтымақтастық негізінде саудада жаңа өңдеулер мен ынталандыруды қолдау жолымен технологияның дамуын қолдау, бесіншіден, зерттеумен айналысатын кәсіпорындар үшін патенттік төлемдерді азайту және мемлекеттің венчурлық жобаларға қатысуы, төмен пайыздық мөлшерде несиелендіру мен субсидиялау арқылы бизнесте инновацияны қолдаумен жүзеге асырылады.

Зерттеу жұмыстарында технопарктер жетекші орында. Жапондық технопарктердің 70%-ға жуығы аймақта шағын бизнесті қолдау үшін құрылған, соның ішінде 58%-ы жоғары технологиялық өнім өндірісіне бағытталған [3].

Кәсіби дамыған мемлекеттерге тән кластерлік даму Үндістан сияқты дамушы елдер де пайда бола бастады. Ол экспортқа өнім шығарып, өзінің инновацияларының арқасында дүниежүзілік бәсекелестікке белсенді қатысты.



Үндістандағы ғылыми-техникалық дамудың орталығы Бангалор болды. Оның кішігірім және орта мекемелері жергілікті ғылыми орталықтармен, институттармен бірлесіп жұмыс жасады. Жоғары дәрежеде маманданған жұмыс күші мен инновациялық-технологиялық идеяларды атай кету қажет. Бангалордың интенсивті технология орталығы болуының шешуші факторы – орталық биліктің даму бағдарламасына қатысатын мекемелер мен институттарға мемлекеттік инвестициялар бөлу, мемлекеттің бұл процеске 30 жыл бойы қатысуы болды.

Үндістан ақпараттық технология мен интернет-жүйенің дамуында көп жетістіктерге жетті. Оған бір жағынан мемлекеттік лицензиялар тәртібінің жоғалуы, екіншіден ақпараттық технология саласын инвестициялармен қамтамасыз етудің себепшісі болатын, бүгінгі күні Америка фирмаларының тапсырыстарын орындайтын мамандарды дайындау ғылыми орталықтарының құрылуы негіз болды. Оған мынадай деректер әсер етті: 1986 жылғы «Мемлекетті компьютерлендіру туралы» және 1986 жылғы «Бағдарламалы өнім туралы». Заңды деңгейде бағдарламалық өнім экспортының, оның дамуы мен кадрларды оқытудың артықшылықтары белгіленген.

Ақпараттық технологияның болашағын зерттеу және бағдарламалық өнімнің дамуы бойынша 1998 жылы Ұлттық арнайы комиссия құрылды. Ол осы саланы қолдау және дамуына кедергі болатын тосқауылдарды жою бойынша жұмысты орындауы тиіс. Сонымен қатар технопарктер жүйесін енгізу үшін және байланысты (ақпарат алмастырудың тез жүйесі) қосқанда қажетті инфраструктуралық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету арқылы экспортқа жәрдемдесу үшін «Үндістан бағдарламалық өнімдерінің технологиялық парктері» деген ұйым құрылды [4].

Келесі, Германияда территорияның дамуына өз қаражаты есебінен дамудың меншік бағдарламаларын жүзеге асыратын және оған сай жер дербестелетін федеральдық бөлім ықпал жасайды. Мемлекет бұл бағытта жоғары технологияға негізделген даму жолын ұстанған және өнеркәсіп пен ғылыми орталықтардың нығайған консолидациясы жүргізіледі. Үш түрлі кластерді бөліп алуға болады: ғылыми, өз технологияларын өндіріске беруші, инновациялық фирмалар базасында пайда болатын, бәсекелік ортада жұмыс істеуші, зерттеулер мен өндірісті біріктіруші. Өнеркәсіпті кластерлер қаржы ресурстарын федералды және жергілікті көздерден алады. Германияда жоғары технологиялы жеті кластер ішінен үш озат әлемдік кластерлер құрметті атауға ие болды: «21 ғасырдың Силиконды алқабы» бұл Мюнхен, Гамбург, Дрезден. Кластерлік келісті қолданудың негізгі принциптері келесі рыноктық механизмдерге сүйенеді: шағын және орта кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдаусыз, дербес жұмыс істей алуға қабілеттілігі, тиімсіз кәсіпорындардың рынокта жұмыс істеуін тоқтатуы, шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет қаржылық көмек көрсету үшін негізгі шарт – несиеге қабілетті болуымен сипатталады [3].

Франция басқа елдермен салыстырғанда, шаруашылықтың жаңа формасына өтуі күрделі формада жүзеге асырылды, себебі бұл елде 25% жұмыс күші еңбектенуші және өнімнің 30%-ы мен экспорттың бір бөлігі өндірілетін мемлекеттік сектор қуатты орталықтандырылған. 1995 жылы территорияны дамыту және құру бағдарламасы қабылданып, аймақты дамытуды басқару бойынша және оны көріктендіру қорының ұйымдары құрылды. 1997-1998 жж. бағдарлама жобасы өңделді, өндірістік кластер жүйесімен біріккен аймақты дамытудың 99 жобасы бекітілді.

Бұл қызметті жүргізу нәтижесінде жүйеге 4,3 мың кәсіпорын енді. 30 ірі компания айналасында біріккен кәсіпорындар шоғырланды. Жобаларды бөлу пропорционалды түрде болғанымен, кейбір территориялар белсенді дамуға бет алды: Пириней оңтүстігі, Рона-Альпі, Фран-Конте, Овернь, Шампань, Арденна, Париж, Тулуза, Марсель, Сен-Этьен қалалары.

Францияның экономикалық даму бағдарламасында технополистер жүйесі арқылы жүзеге асырылатын инновациялық бағдарламалар маңызды және Жерорта теңізінің оңтүстік жағалауында қарқынды дамуда, бүгінгі таңда Антиполис, Монпелье, Тулон, Марсель, Моннольс баршаға мәлім кластерлер. Оларды құруда жоғары технология мен іскерлік белсенділіктің негізгі звеносы болатын арнайы мемлекеттік инжинирингтік және ғылыми институттардың ашылуы маңызды фактор болып есептеледі. Осы шаралар елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайту мақсатына бағытталды және үкіметтің нысаналы қадамдары белгіленген экономикалық стратегиясы пайда болды: экономиканың инновациялық секторын қалыптастыру және дамыту, еңбек рыногын икемділікке келтіру, шетел компанияларымен «жұтылып кету» қауіпінен ұлттық капиталды қорғау, жаңа салық саясатын өңдеу және өткізу.

Франция үкіметі елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға бейімді ірі ұлттық жобаларды жүзеге асыруда ұйымдастырушы, түзетуші және негізгі инвестор болу рөлін атқарды [5].

Осыларға сәйкес, кластерлік даму бағыттары дамыған елдермен қатар, дамушы елдерде де кең таралғандағы және кластерлік құру бизнеске қатысушылардың өздерінің бастамалары арқасында болғандықтары немесе аймақтық қолдаулар жүргізудің арқасында қаланатындықтарын, сонымен қатар жалпы өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және дүние жүзілік стандарттарға бейімдеу, индустриалдық-инновациялық дамуды жүзеге асырудың кілті екенін көреміз.

1. *Кластерлердің экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы ролі // Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің хабаршысы. – 2009. - №1.- Б. 99-102.*

2. *ҚР-да кластерлік жүйенің дамуы // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция «Қазақстан Республикасының құқықтық және экономикалық саясаты: проблемалар, қорытындылар, перспективалар» - Алматы, 2007.*

3. *Тұрсынбаева М.Ж. Қазақстан Республикасы экономикасының дамуының кластерлік моделі: алғы шарттары мен перспективалары (туризм саласының материалдары бойынша) // экон. ғыл. канд.дисс.-Қарағанды, 2008. – 125 бет.*

4. *Жаһандану жағдайындағы кластерлік жүйені дамытудың шет елдік тәжірибесі // Современная цивилизация и проблемы повышения конкурентоспособности национального государства (материалы научной конференции 10-11 июля 2008г.) - Алматы, 2008. – 483 С.*

5. *Адрианов Н. Государственный дирижизм во Франции: история и современность // Общество и экономика. 2005. - №12. – С. 39-48.*

#### **Резюме**

#### **Мировой опыт по развитию кластерного сектора.**

**Усенов Г.А., Нурмагамбетулы Ж.**

В данное время в современной экономике для развития экономики широко используется развитие кластерного сектора. В данной статье описано различные способы развития данного сектора и способы их внедрения в экономике зарубежных государств а также преимущества кластерной системы в экономике в целом.

#### **Summary**

#### **A cluster is a small group or bunch of something.**

**Usenov G.A., Nurmagambetuly Zh.**

So, the experience of international economy to use cluster system of developing of economy. In the modern economy a lot of countries use the cluster system. It is because of high level of competition among big economies. Therefore, this article reports the ways to develop cluster system and its advantages and the experiences of international business in cluster system.

## **ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

УДК 504.4.054+282.255.2+574

### **СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ СУЫНЫҢ РАДИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

**Х.Н. Жанбеков** – *х.ғ.к., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ,*  
**Ж.С. Мукатаева** – *х.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ,*  
**Ж.А. Лахбаева** – *студент Абай атындағы ҚазҰПУ*

2011 ж. қыс мезгілінде Сырдария өзенінің төменгі ағысында радиологиялық зерттеулер жүргізілді. Радионуклидтердің қоршаған ортаға тигізетін әсері қарастырылды.

Қоршаған орта жай-күйі мен халықтың денсаулығына радиациялық ластанудың әсеріне бағалау жүргізу ел аумағының радиациялық техногендік ластануының кең таралуымен және үлкен қауіптілігімен байланысты.

Оңтүстік Қазақстанның уран өндіретін аймақтарында радиациялық және санитарлық-гигиеналық жағдайды зерттеуде уран өндіретін аймақтардың экологиялық жағдайы және әртүрлі деңгейдегі халық денсаулығының жай-күйі арасындағы себепті-салдарлы байланысты анықтау мақсаты бар.

Мақалада радиоэкологиялық зерттеулер нәтижесінде Сырдария бассейніндегі радионуклидтердің құрамы анықталып, альфа және бета белсенділігінің жалпы үлес көрсеткіштері бойынша өзен суына радиациялық-гигиеналық жай-күйіне баға берілді.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде өлке тұрғындары табиғи сияқты, техногендік көздердің де иондалған сәулелерінің радиоактивті әсерлеріне ұшырайтыны анықталды. Радиациялық ластанудың негізгі көздері - альфа, гамма және бета, сияқты радиоактивті сәулелер. Ионданған сәулелер адам, жануар организмдерінде ақуыз, фермент және басқа да заттардың өзгеруіне, яғни сәуле ауруының дамуына әкеліп соғады. Адамның іс-әрекеті нәтижесінде биосфераның радиациялық ластануы өте үлкен қауіп тудырып отыр. Қазіргі кезде радиоактивті заттар өте кең қолданылуда. Осы элементтерді тасымалдауда болатын немқұрайлылықтың нәтижесінде өте күшті радиациялық ластану болады.

Сырдария өзені суының радиохимиялық жағдайын зерттеу мақсатында 2011 жылы көктем мезгілінде Амангелді және Шардара елді мекенінен су сынамаларын алдық. Су сынамаларын алғанда «су сынамаларын алу» қағидалары сақталынды [1]. Судың химиялық құрамын анықтау [2-3] әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Альфа және бета – сәулеленетін радионуклидтердің көлемдік белсенділігін анықтау [4] әдістемесіне сәйкес, ал радионуклидтердің көлемдік белсенділігі [5] әдістемесіне сәйкес жүргізілді.

Шардара және Амангелді елді мекендерінің тұсынан алынған Сырдария өзені суының радиохимиялық құрамы 1 және 2 кестелерде көрсетілген.

Елді мекендердегі шаруашылық – ауыз суға арналған суқорларындағы судың суммарлы  $\alpha$  – белсенділігі  $0,1 \text{ Бк/дм}^3$ - тан аспауы керек, ал  $\beta$  – белсенділік  $1,0 \text{ Бк/дм}^3$ . Бұл шамадан асып кеткен жағдайда суға негізгі радионуклидтерге ( $U - 238$ ,  $U - 234$ ,  $Ra - 226$ ,  $Ra - 228$ ,  $Pb - 210$ ,  $Po - 210$ ) толық анализ жасалынады [6]. 1 – кестедегі мәліметтерден көрініп отырғандай, ең жоғарғы  $\alpha$  – белсенділік 2011 жылы қыс мезгілінде Шардара және Амангелді сынамаларында ШРК-дан 5 есе артады.

Кесте 1. Радиометриялық анализ нәтижелері ( $\text{Бк/дм}^3$ ).

Сынама алынған жер	$\alpha$ -белсенділік		$\beta$ -белсенділік	
	$\text{Бк/дм}^3$	$\pm \text{Бк/дм}^3$	$\text{Бк/дм}^3$	$\pm \text{Бк/дм}^3$
Шардара	0,55	0,05	0,421	0,015
Амангелді	0,54	0,05	0,482	0,026

\* Анализдер ОАО «Волковгеология» зертханасында жасалынды.

Радиоактивті изотоптар суға өте аз мөлшерде түскеннің өзінде, қоршаған орта нысаналарына шоғырланып, өз алдына адам және қоршаған орта үшін қауіптіліктің көзі болып табылады.

2 – ші кестедегі мәліметтерден Сырдария өзені суының құрамында маңызды өзгерістер бар екенін анықтауға болады. Ол негізінен  $\text{Th}^{234}$ ,  $\text{Ra}^{226}$ ,  $\text{K}^{40}$  және уран радионуклидтеріне тиісті. Судың көлемдік  $\alpha$  – активтілігінің жоғарылауы  $\text{Th}^{234}$ -пен байланысты, өйткені суда уран бар.  $\text{Ra}^{226}$ ,  $\text{Pb}^{210}$ ,  $\text{Th}^{234}$  изотоптарының айтарлықтай бөлігі  $\text{U}^{238}$  аналық изотоптарының ыдырау өнімдері болып табылады.

Табиғатта радий уран мен серіктес болады, оның ыдырау өнімі болып табылады.  $\text{U}^{238}$  -  $\alpha$ -сәулелендіруші. Радиологиялық улылығына қарағанда химиялық улылығы бойынша қауіптірек болады.

$\text{Pb}^{210}$   $\beta$ - сәулелендіруші және радиоулы элемент болып табылады. Табиғатта қорғасын галенит  $\text{PbS}$ , анаглезит  $\text{PbSO}_4$  және церуссит  $\text{PbCO}_3$  минералдары түрінде кездеседі. Осы минералдардың еруі нәтижесінде, жер үсті сулары қорғасынмен байытылады.  $\text{Pb}^{210}$ -ның концентрациясының жоғары болу себебі, оның өндірісте кең қолданылуына байланысты.

Сырдария суындағы  $\text{Pb}^{210}$ -ның концентрациясының жоғары болуы тау-кен өндірісінен, түсті металл өндірісінен түсетін (ЗАО «Полиметалл», Шымкент қорғасын зауыты) ақаба сулардың өзенге түсуіне байланысты.

Тірі организмдер үшін қорғасын улы болып келеді. Қорғасынның бейорганикалық қосылыстары зат алмасуды бұзып, ферменттердің ингибиторларымен әрекеттеседі.

Алынған нәтижелер, тұтас алғанда, Сырдария өзені бассейніндегі радиоэкологиялық жағдайды сипаттауға мүмкіндік берді.

Кесте 2 - Сырдария өзен – суындағы радионуклидтердің көлемдік активтілігі, Бк/дм<sup>3</sup>

Сынама алынған елді мекен	Уақыты, жыл	Радионуклидтер құрамы, Бк/дм <sup>3</sup>										
		Ra-226	Th-234	U-235	Th-228	Ra-228	Th-228	Ra-228	K-40	Pb-210	Th-230	Cs-137
Шардара	2011, қыс	0,120	0,26	<0,040	<0,06	<0,022	<0,07	<0,25	<6	<0,5	<4,0	<0,40
Амангелді	2011, қыс	<0,10	0,25	<0,040	<0,06	<0,024	<0,06	<0,24	<6	<0,5	<4,5	<0,40
ШРК		5,0	4,1	3,0	1,6	1,4	1,9	2,0	2,2	2,0	6,6	1,1

1. *Методические рекомендации по отбору, обработке и хранению проб подземных вод.* МинГео ССР, ВСЕГИНГЕО. – М., 1990. – 21 с.

2. *Унифицированные методы анализа вод СССР / Под ред. Ю.Ю. Лурье.* - Ленинград: Гидрометеиздат, 1978. - 144 с.

3. *Алекин О.А., Семенов А.Д., Скопинцев Б.А. Руководство по химическому анализу вод суши.* - Ленинград: Гидрометеиздат, 1973. - 270 с.

4. *Методика измерения суммарной альфа- и бета- активности водных проб альфа-бета радиометром УМФ-2000 (рег.№ КЗ. 07.00.00441 -2005).*

5. *Методика выполнения измерений на гамма-спектрометре.* – М.: ВНИИФТРИ МИ 2143-91, 1991. – 17с.

6. *Нормы радиационной безопасности (НРБ-99).* – Алматы, 2000. - 80 с.

## Резюме

### Радиоэкологическое состояние воды реки Сырдарья в низовьях

Проведено радиологическое исследование воды в низовьях реки Сырдарья в зимний период 2011 года. Рассмотрено воздействие радионуклидов на окружающую среду.

## Summary

### Radiological state water of the lower Sirdarya

The radiological research of water in the Lower Sirdarya in the winter period of 2011 has been carried out, the toxicological influence of radionuclide on the environment and the organism of man has been considered.

## ЖАҢА КҮРДЕЛІ ВИСМУТИТТЕРДІҢ РЕНТГЕНОГРАФИЯСЫ

**М.М. Матаев** – *х.э.д., доцент, ҚазМемҚызПУ химия кафедрасының меңгерушісі,*  
**Н.О. Мырзахметова** – *х.э.к., доц.м.а., ҚазМемҚызПУ,*  
**Н.Ә. Жұманова** – *х.э.к., аға оқытушы, ҚазМемҚызПУ*

Кристалдық құрылыс тұрғысынан қарастырған кезде металл оксидтерін төрт негізгі типке бөлеміз: молекулярлы, тізбекті, қабатты және қаңқалы құрылыс. Оксидтердің құрылысының әртүрлі болуы, берілген оксидті құрап тұрған металдың периодтық жүйедегі орнына байланысты. Координациялық саны жоғары (6 немесе 8) көптеген металл оксидтері иондық құрылыс түрінде болады [1].

Координациялық саны 6-ға тең болатын металл атомдарының иондық радиустары,  $O^{2-}$  ионының иондық радиусынан кіші болады. Жәй және күрделі оксидтердің құрамындағы оттегі иондары тығыз немесе бір-біріне жақын, ал мөлшері жағынан кіші металл атомдарының иондары октаэдрлік қуыстарда орналасады [2].

Көптеген ауыспалы металдардың оксидтері стехиометриялық ауытқуларға ие болады, осының салдарынан олар жартылай өткізгіштер болып табылады. Бірқатар ауыспалы металдар оксидтері соңғы жылдары қарқынды зерттеліп жүрген қызықты магниттік және электрохимиялық қасиеттер көрсетеді [3].

Көптеген күрделі бейорганикалық молекулярлы құрылымдар үшөлшемді кристалдық торлардан құралады, олардың әдістерінің мәселелері әлі шешілмеген.

Күрделі бейорганикалық оксидтерді көпкомпонентті жүйедегі химиялық әрекеттесу деп қарастыруға болады. Оларды шешудің тиімді жолы жүйенің триангуляциясы арқылы, синтездеу шарттарын, фазалардың кристалдануын, фазалық құрамын, құрылысын және термодинамикалық, физикалық қасиеттерін түсіндіру [4,5,6].

Күнделікті іс-тәжірибе және соңғы жылдары жүргізілген көптеген ғылыми зерттеулер көрсеткендей қимыл-қозғалыс белсенділігінің жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілуі адамның бойында оның жасының ұлғаюына байланысты байқалатын инволюциялық өзгерістерді тежеп, белсенді өмір кезеңінің ұзаруына септігін тигізеді. Қимыл-қозғалыс әрекеттері ішкі ағзалардың вегетативтік функцияларын арттыра отырып, қимыл аппараты мен вегетативтік мүшелер жұмыстарының өте жоғары сәйкестігін, жүйкелік-гуморальдық реттеу механизмдерінің қалыптасу мен жетілуіне септігін тигізеді. [12].

Қимыл-қозғалыстың адам денсаулығын сақтап, нығайтудағы оң әрі тиімді әсерлері организмдегі дамитын мынадай өзгерістермен байланысты:

- айналымдағы қанның жалпы көлемі артады, бұл ағзалар мен бұлшық еттерге оттегінің тасымалдануын жақсартып, жалпы төзімділікті артырады;
- өкпенің көлемі ұлғайып, өкпенің өмірлік сыйымдылығының көрсеткіштері жақсарады;
- жүрек етінің қанмен қамтамасыз етілуі күшейеді, миокард талшықтарының жиырылғыштық қасиеті артып, жүректің систолалық көлемі ұлғайады;
- қан тамырларындағы атеросклероздық өзгерістер тежеліп, жүректің ишемиялық ауруы мен ми инсультінің даму қаупі азайады.
- дене массасы қалпына келіп, сүйек-буын жүйесі қатайады;
- мидың құрылымдық және функциональдық жетілуінде қарқынды оң өзгерістер дамиды, нәтижесінде адамның ақыл-ой қабілеті жоғарылайды, еске сақтау қабілетінің нашарлауы тежеліп, көңіл-күйі жақсарады;
- организмнің ішкі ортасында пайда болатын өзгерістерге төтеп бергіштік қасиеті артып, иммундық жүйенің қызметі жақсарады.

Дене жаттығулары барысында туындайтын оң өзгерістердің нәтижесінде организмнің сыртқы органың өзгермелі жағдайларына бейімделгіштігі артып, қоршаған ортадағы зиянды әсерлердің тудыруы мүмкін әр түрлі ауруларға тұрақтылығы күшейеді, денсаулығы нығайып, жақсарады.

1. *Оттавская Хартия по здоровому образу жизни. Международная конференция по здоровому образу жизни, 17-21 ноября 1986// г.Оттава, Онтарио, Канада- Женева, ВОЗ. – 1986. - 8с.*

2. *Задачи по достижению здоровья для всех, Европейская политика здравоохранения // Копенгаген, ЕРБ ВОЗ, 1993. - 333с.*

3. *Девятко В.Н. Состояние и перспективы охраны здоровья населения и отрасли здравоохранения на современном этапе развития РК. //Проблемы социальной медицины и управления здравоохранением.- 1995., № 1. - С.5-15.*

4. *Lezski T, Nussel E. Протокол по мониторингу и процесс оценки.// Sprinder Kerlag. - 1987. - с.32-39.*

5. *Promoting health –preventing disease. Objectives for the nation.//Washington Department of health and human services. Public health service,1980.-197p*

6. *Doll R. C Prospects for prevention // Brit.Med.J. -1983.-Vol.286. – p.445-453.*

7. *Царегородцев Г.И.//Советское здравоохранение. -1987, №11. – с. 3-9.*

8. *Shearar D. R. Acquiring nonconformity perspectives on the role of health psychology in illness prevention, wellness and health promotion.// –Straub clin. Proc.1983.-Vol.48-1. - p.18-20.*

9. *Аканов А.А. Состояние здоровья населения Республики Казахстан. //Алматы. «Гылым». – 1998. - 50 с.*

10. *Указ Президента РК Н.А.Назарбаева № 3956 «О первоочередных мерах по улучшению состояния здоровья граждан РК». – Астана, 18 мая 1998г. //Казахстанская правда. №96 от 19 мая 1998 г.*

11. *Namara D.J. Prevention Health services the physicians role.//-Pabl. Health.Rep.-1982. - Vol 97-3. - p.224-226.*

12. *Health Promotion //Wales,Cardiff. - 1998. – p.21-24.*

#### Резюме

##### **Факторы риска, отрицательно влияющие на организм и здоровье человека**

В работе представлены современные сведения о факторах риска, оказывающие отрицательное влияние на организм человека и способствующие развитию патологии.

#### Summary

##### **Negative affect risk factors for the human body and health**

The paper presents updated information on risk factors has a negative effect on the human body and contribute to the development of pathology.

УДК 621. 436: 621. 182. 3

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АУА БАССЕЙІНІНІҢ АВТОКӨЛІКТЕРДЕН ШЫҚҚАН ГАЗДАРМЕН ЛАСТАНУЫ

**А.Ж. Божбанов - б.э.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ**

Алматы қаласы Іле Алатауының солтүстік беткей баурайында теңіз деңгейінен 700-900 м биіктікте Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің аңғарларында орналасқан. Оның климаттық жағдайы қазан шұңқырында орналасуына байланысты жел соғуы аз, ылғалды әрі тұманды болып келеді.

2 млн-ға жуық халқы бар қаланың соңғы 20 жылда физика-географиялық және табиғи – климаттық ерекшеліктердің жеткілікті дәрежеде ескерілмей дамуы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеліп соқты. Сонымен қатар, ауа бассейнінің зиянды улы заттермен ластануы орын алды. Алматы қаласы атмосфералық ластануының жылдық көлемі шамамен 150-250 мың т. құрайды. Бұл қала еліміздегі индустриальді орталық деп есептелмегенімен Қазақстандағы ең лас қалалардың бірі болып есептеледі.

Алматыда бірінші орындағы ластаушы көзге автокөлік жатады. 1-ші кестеде келтірілген мәліметтерден бензин қозғалтқышын тасталатын жанусыз қалған көмірсутектері мен олардың толық жанбауынан шыққан өнімдердің мөлшері дизель қозғалтқышыныкінен анағұрлым жоғары екені айқын көрінеді.

Бензин қозғалтқышымен қамтамасыз етілген көлік әр 15 мың км. жүргенде 4350 кг оттекті жұмсайды. Бұл жағдайда қоршаған ортаға 3250 кг көміртек қос тотығы, 530 кг көміртек тотығы, 93 кг көмірсутектері, 27 кг азот тотығы шығарылады [1].

**1-кесте**

Әртүрлі қозғалтқыштарды пайдаланғанда ауаға шығатын газдардың мөлшері

Ластаушы заттар	Шыққан газдардың мөлшері, %	
	карбюраторлы	дизельді
Көміртек тотығы	5-12	1,0-10,0
Көміртек қос тотығы	0,5-12	0,01-0,5
Азот тотығы	0,0-0,8	0,0002-0,5
Көмірсутектер	0,2-0,3	0,009-0,5
Альдегидтер	0,0-0,2	0,001-0,009
Күйе, г/м <sup>3</sup>	0,0-0,4	10-ға дейін
Бенз(а) пирен, мкг/м <sup>3</sup>	10-20 дейін	10-ға дейін

Карбюраторлы және дизельді қозғалтқыштардан шығатын пайдаланылған газда 200-ге жуық химиялық қосылыстар болады. Олардың ішіндегі улылығы жоғарыларға қорғасын, көміртек пен азот тотықтары, көмірсутектер, бенз(а)пирен жатады. Пайдаланылған газдағы көмірсутектің мөлшері қозғалтқыштың жұмыс істеуіне байланысты (2-кесте).

**2-кесте**

Бензинді қозғалтқыштың пайдаланған газындағы көміртек тотығы мен бенз(а)пиреннің мөлшері

Жұмыс істеу тәртібі	Мөлшері	
	СО, %	Бенз(а) пирен, мкг/100м <sup>3</sup>
Бос жүрісі	2,5-3,0	4000
Бір қалыптылықпен қозғалу	0,5-1,0	>4000
Екпін	2,0-5,0	10 000
тежелу	4-ке дейін	28 000

Автокөлік қозғалтқышында жану процесінен шығатын ең қауіпті құрауыштардың бірі бензиндегі тетраэтилқорғасыннан Рв (C<sub>2</sub> H<sub>5</sub>)<sub>4</sub> түзілген пайдаланылған газдағы қорғасын қосылыстар. 1 л бензинді жаққанда ауаға 200-700 мг Рв бөлініп отырады.

Бұл жоғарыда аталған ластауыш заттектердің шоғырлануы әсіресе, магистраль мен жылу энергетикалық орталық маңайында, яғни Төле би, Сейфуллин, Жандосов, Сайын, Рысқұлов көшелерінде ШРЕК-тен он есе артады. Ал көміртегі тотығының 30%-дан астамы Райымбек даңғылынан төменде және 20%-ы Абай даңғылы мен Төле би көшесі орталығында шоғырланған [2].

Бұл автокөліктерден шығатын ластаушы компоненттер қоршаған орта мен адам ағзасына кері әсерлерін тигізеді, мысалы:

1. Көміртегі тотығы (CO):

- 750 мг/м<sup>3</sup>–ден артық атмосферада болса адамды тұншықтырып (асфиксия) өлімге душар етеді;
- ұйқыға шалдықтырып, ангинасын қоздырады кейде есінен тандырып өлімге апарды;
- адамды қантамырлар ауруына шалдықтырады;
- жүкті әйелдердің ішіндегі бала өсуін тежейді және өлімге әкеледі.

2. Азот тотықтары (NO, NO<sub>2</sub>, N<sub>2</sub>O):

- адам көзінің қараңғыға бейімделу қабілетін төмендетеді;
- NO<sub>2</sub> мөлшері 0,038 мг/м<sup>3</sup> жоғары болғанда адам уланады;
- адамның өкпесі ісінеді, сілемейлі қабығында жара пайда болады, басы ауырады, ұйқысы қашады;

— бронхит пен пневмонияға шалдықтырады.

3. Көмірсутектер (C<sub>x</sub> H<sub>y</sub>):

- сілемейлі қабықшаларды қоздырып жөтелдіреді, масайтып ұйқыға шалдықтырады;
- альдегидтер мен кетондар көзді жасауратып, тері мен тыныс жолдарын қабындырады;
- канцерогенді және мутагенді әсер етіп туылатын баланы кемтар етеді.

4. Күкірттің қос тотығы (SO<sub>2</sub>):

- астманы, бронхитті және эмфиземаны қоздырады;
- жөтел шақырып, өкпенің қызметін әлсіретеді.

5. Қорғасын қоспалары:

- қантамырлар, жүйке және зәр шығару жүйелерін зақымдайды;
- адамдардың жұмыс істеу қабілетін төмендетеді [3].

Міне, осы аталғандармен қатар бұл автокөліктерден шығатын ластаушы компоненттер - әлемдегі температураның ғаламдық жылынуына әкелуде, қышқыл жаңбырды туғызады.

Бүгінде Қазақстанға сырттан әкелінетін автокөліктердің 70-80% экологиялық нормаларға сай емес. Елімізде пайдалану мерзімі ұзақ автокөліктерден экологияға тиетін зиянды әсерді азайту үшін 2007 жылдың 29 желтоқсанындағы №1372 Үкімет қаулысымен «ҚР-ның аумағында айналымға түсетін автокөліктердің атмосфераға шығаратын ластаушы заттардың мөлшеріне қойылатын талаптар туралы» техникалық регламент қабылданған. Ол құжат қазіргі заманғы ЕІЖО 2, 3, 4, 5 (БҰҰ бекіткен) стандарттарға негізделі отырып жасалынған [4].

1. Ақбасова А.Ж., Саинова Г.Ә. Экология. – Алматы, 2003.

2. Бекмагамбетов М.М. Автомобильный транспорт Казахстана: этапы становления и развития. – Алматы: ТОО «Print – S», 2003.

3. Бейсеева Г. Экология және табиғат. – Алматы, 2001.

4. Атамекен газеті №22. - Алматы, 2009 жыл 23 қараша.

#### Резюме

Алматы считается одним из самых загрязненных городов Казахстана. Атмосферный воздух г. Алматы содержит более 200 токсичных химических соединений.

#### Summary

Almaty is most polluted city in Kazakhstan even being a non industrial city. The air pollution consisted of more than 200 toxic chemical bonds.

УДК 502.1+504.5(574)

## ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР

**А.Ж. Макеева** - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

**Б.К. Қапанова** - аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Табиғаттағы тіршілік атаулы бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне тым тәуелді. Даму ырғағы үйлесімді, байланысты болғанда ғана табиғат заңы бұзылмайды. Халықтық асыл мұралардың - тыйым сөздер, даналық нақылдар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, аңыз әңгімелердің тәрбиелік маңызы өте зор. Халықтық тарихи экологиялық ұғымдар ерте кезден-ақ табиғатқа қамқорлық жасап, табиғат байлықтарын ұқыпты пайдалануға негізделген.

Әр адамның өскен ортасы, кіндік қаны тамған туған жерінің барлық қадыр - қасиеті оның тұла бойындағы адамгершілік ақыл-ой парасатымен үнемі тамырласып, тағдырласып жатады. "Адам — табиғаттың бір бөлшегі. Адам -табиғаттың төл перзенті", — дейді халқымыз. Қай заман, қай ғасыр болсын, әр халықта табиғатқа немқұрайды қарау деген болған емес. Қазір әлем экологиялық апат бұлты үйірілген шақ. Мұндай апат аймақтарына еліміздің бірқатар өңірлерінің де енуі, әрине, қынжылтарлық жайт.

Қазақ халқы ежелден өз жерінің табиғат байлығын аялап қорғап, обал мен сауапты, адал мен арамды ажырата білген. Тұмсығы тесік құстардың, буаз аңдардың бәрін табиғат перзенті деп, олардың өніп-өсуіне қиянат етпеген. Ел шетіне жау тиіп, ауыл көшкенде, шаңырағына қарлығаш ұя салып, балапанын шығарып жатқандықтан, Төле би үйін жыға алмай, жұртта қалған деген аңыз осының айғағы./1/

Біздің халқымыздың табиғатқа етене жақын болуына қалыптасқан тарихи өмір салты о бастан әсер еткен. Қазіргі кезде ел аузында жиі айтылып жүргені экология мәселесіне қазақ халқы ежелден-ақ ерекше мән берген. Күнделікті - тұрмыс тіршілігінде табиғаттың барлық жанды-жансыз туындыларына қиянат көрсетуге үнемі қарсы тұрып, обал-сауап деген ұғымдарды кейінгі ұрпағына ұлағат етіп қалдырған. Табиғат байлықтарын қорғауға арналған көптеген тыйым сөздер, соның ішінде суға байланысты тыйым сөздер де халық арасында кеңінен тараған. Мәселен: "судың да сұрауы бар", "су ішкен құдығына түкірме", "ағын суды бөгеме", "ағын суға өлекселерді тастама", "бұлақ басын ластама". Бұл айтылған тыйым сөздерден судың тазалығы тірі ағзалардың өмір сүруі үшін қажет екенін аңғартады. Суды дұрыс пайдалана білмей, адамдардың теріс қимыл-іс қарекеттері салдарынан таудан аққан өзендердің суы азайып, көлдердің тартылуы нәтижесінде соңғы онжылдықта кейбір өңірлеріміздің табиғатына үлкен өзгерістер енгені мәлім.

Су - өмір көркі, жер нәрі, тіршілік көзі. Су көздерін орынды пайдалануға байланысты даналық сөздер, халықтық қағидалар, ақиқатты аңғартар аңыздар, тенеу ретінде айтылған айшықты ойлар да көптеп кездеседі: "бұлақ көрсең -көзін аш", "жер — таусыз болмас, тау - бұлақсыз болмас", "сулы жер - нулы жер", "су - табиғаттың ажары", "өзен жағалағанның өзегі талмас", "су жүргені жер - береке", "су шықпаса шиге бар", "улы суда уылдырық өспейді", "суды үнемдей біл", "өзен басындағы су ішеді, ал сағасындағы у ішеді", "таудың көркі-бұлақ".

Жер бетінің көркі мен ажары жасыл желекпен тікелей байланысты. Бұл жөнінде көрікті көркем ойлар, өнегелі өрнекті теңеулер, мақал-мәтелдер халық арасында кеңінен тараған. Мысалы: "көлдін көркі - құрақ", "дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады," "ермен - жанға дәрмен", "андызды жерде аті өлмес", "балаға мал қалдырғанша, тал қалдыр", "қарағай өссе құт болады", "аршалы жерде ауру аз", "тоғайды - тұяқ тоздырады", "жалбызды жерде жан қалады", "гүлді үзбе, көкті таптама", "тал кескенше, қолыңды кес", "аршаны аралама", "ағашты балталама", "қарағайды қарғама", "көкті жұлма, көктейі соларсың", "көкті таптама", "орманды отама", "жусанды жұлма", "жалғыз ағашты кеспе", "жас ағашты отқа жақпа", "бір ағаш кессең, он ағаш отырғыз", "құраққа орақ салма", "бауға балта шаппа". /2/Мұның бәрі де жердің сәулетіні елдің дәулетін арттырар өсімдік әлемін қорғауға тікелей қатысты айтылған тәрбиелік мәні зор ұғымдар болып саналады.

Халықтық тарихи экологиялық мұралардың бір арнасы - туған жер туралы ел арасында кең тараған нақыл-сөздер мен мақал-мәтелдер. Мәселен: "туған жерге туынды тік", "туған жердің топырағы киелі", "жері байдың - елі бай", "жер- Ана, ел - бала", "тозған жерде тоқшылық болмайды", "күте білсең жер жомарт", "жер қара болса да қарын тойғызады, қар аппақ болса да қол тоңғызады".



Халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерінде табиғатты аялаудағы көрініс тапқан тағы бір жай - наурыз мейрамы. Бұл мейрамның басты мақсаты - табиғат заңдылықтарына, үйлесімді табиғи тепе- теңдікті сақтауға негізделген. Шығыс халықтарында имандылықтан келетін үш аңыз сауап бар: "шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен". Айналаны тазарту, ағаш отырғызу, су көздерін тазалау, бұлақ көздерін ашу, тарихи гүл егу - осының бәрі табиғат-Ана алдындағы әрбір адамның перзенттік парызын орындауға жұмылдыратын төлім-тәрбиенің өмірлік үлгісі екендігі анық.

Халық ұғымында туған жер, табиғат, атамекен деген ұғымдар бір-бірімен қиянат үндесіп, жер бетіндегі жалпы табиғат байлықтарын тұтас қамтиды және олардың арасындағы табиғи тепе-теңдікті, тіршілік тізбегіндегі өзара тығыз байланысты тыйым дәйекті теңеу сөздер арқылы дәл көрсете білген: "жер — байлықтың көзі", "жер - ырыстың кіндігі", "жер - тіршіліктің тірегі", "жақсы жер - жанның тынысы", "тулақтай болса да, туған жер қымбат", "жерін қорлаған жеріне сыймайды", "жер - жүрегің, халық - тірегің", "жер тамырын тартқан өлмейді" және т.б. Сондықтан да ата-бабаларымыз туған жерін жауға да, дауға да бермей қимыл- көздің қарашығындай қорғай білген. Мәселен: көне заманнан бері-ақ кіндік қаны тамған туған жерінің барлық қадір-қасиетін ардақтай білген ата - бабаларымыз, аналарымыз (Мөде, Атилла, Тұмар, Зарина және т.б.) туралы деректер куә. Мәселен, Кир "Азияның әміршісі" деген атақ алғаннан кейін, Ұлы далаға жорыққа аттанады. Шабуылды Сырдариядан (шамамен Түркістан мен Отырар арасынан) бастайды./3/ Ақырында парсы әскері жеңіліп, Тұмар жұрт алдында Кирдің басын шауып алады да: "Аңсағаның қан еді, енді соны іш!"-деп қан араласқан шалшыққа лақтырып жібереді. Артынша ол: "Басқа елдің жүрген қажеті жоқ, бірақ көгілдір күмбезді аспаны бар бетегелі боз даламызды біз ешкімге де бермейміз"-деп айтыпты. Осындай ата-бабаларымыздың іс- әрекеттері, әрине, өнегеге тұрарлықтай! Мұндай даналық нақылдар мен мақал-мәтелдерді, қасиетті жер-Ананың тағдырына қалай болса солай немқұрайды қаруға болмайтындығы туралы кейінгі ұрпақтарға қатаң ескерткен халықтық қағидалар деп бағалауға болады.

Халықтың экологиялық тарихи қағидалары ауыз өдебиетінің сан алуан мұраларында да көптеп саналған. Олар, мысалы, халықтың қара өлеңінде, тағлымы мол термелерде, күйлерде, аңыз-әңгімелерде жиі кездеседі: "шамаң келсе сайран ет, бұлбұлдай таң сәріде, табиғаттың заңына бағынады бәрі де", бір сөз айтам өзінді сынағалы, жағдайынды екінші сұрағалы, бұйырғанын көктей біреудің біреу алмас, табиғатқа болады ұнағаны", "раушан гүлі табиғатқа деген жалғыз сүйіспеншілігінді оятса, тікенек оны сыйлауға үйретеді" (Антон Лигов). Осындай ұғымдар табиғат заңдарына барлық тіршілік иелері бағынатынын, табиғат заңдарына еш уақытта қарсы келуге болмайтынның қатаң ескертеді.

Халықтық тарихи экологиялық мұралардың мән-мағыналы, мағлұматы мол тобына жан-жануарларды аялау, қорғау, мейрімділік қорсету хақында даналық нақылдар мен мақал-мәтелдер жатады. Жануарлар дүниесін қорғауға және оларды аялауға арналған көптеген тыйым сөздер адам өмірі үшін маңыз беріп, табиғат көркіне қызығу, жүрегі елжірей сүйсіну адамның рухани байлығы мен мәдениетінің жоғары екендігін көрсетеді: "құмырсқаның илеуін бұзба", "өрмекшіні өлтірме", "аққуды атпа", "құндызды аулама", "жаралы аңға мылтық кеземе", "балалы үйрекке оқ атпа", "ұларды шулатпа", "ақбөкенді атпа", "қарлығаштың ұясын бұзба", "құс жұмыртқасын сындырма", үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ құйып шығар", "итті теппе", "анды буазында атпа". Өйткені, өрмекші, аққу, киік, көгершін, қарлығаш, бүркітт.б. сияқтыларды халық қасиетті санаған, бұлардың көптеген аңыз-әңгімелердің, ертегінің, ән- жырлардың басты кейіпкерлері ретінде жырланатыны сондықтан. Сол сияқты, "балдырлы көлде балық көп, балдырды құтсақ балық жоқ", "бекіренің басы, тасқа тимей қайтпайды", "жар құласа жайын өледі", "кенді жерде жылан бар, шөлді жерде құлан бар", "қақты жердің қадірін құлан білер, орман-тоғай қадірін бұлан білер", "құсы кеткен жердің құты кетер", "жылан жалбыздан қашады", "құлан қырда болады, құндыз суда болады", "шағала келмей жаз болмас", "жыланның жауы - дегелек, жылқының жауы - бөгелек", "қарақұрт жесе қой семіреді", "арқажайлы болса, арқар ауып несі бар", "таутекенің тауға шықпаса тұяғы қышиды", "аққудың киесі бар, киіктің де иесі бар" - дей отырып, табиғат байлығын сақтауға, ысырапқа жол бермеуге шақырады./4/

Қазақ халқының, халық педагогикасындағы асыл мұраларының бірі -табиғатқа деген аса зор сүйіспеншілігі мен оған деген асқан жауапкершілікпен қарау көзқарасы болды. Халық ұғымында

табиғат деген қасиетті сөз - туған жер, өскен ел, атамекен, аяулы өлке, ауылым деген және тұла бойыңа нәр сіңіріп, жүрегінді шымырлататын аса қымбат сөздермен қатар тұрады.

Адам табиғаттағы тіршілік иесі, сондықтан оның денсаулығы да қоршаған ортаға тәуелді. Халықтың табиғатты "Ана" деп табынуда да зор мән бар. Ан әрқашан баласына аялы алақан, жүрек жылуын арнап отырған. Экология мен адам денсаулығы тығыз байланысты, бұл екеуін бөле қарауға болмайды. Экологиялық тепе-тендік бұзылған жерде адам денсаулығының жақсаруы мүмкін емес. Экологиялық ауытқулар ең алдымен ана мен бала денсаулығына зиянды.

Ертерек кезде Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде қазақ халқының табиғатты бақылай білу қабілетін, оған деген қамқорлық қасиеттерін ерекше атап өткен. Мысалы, белгілі кеңес ғалымы АН. Формозов өз еңбегінің бірінде "Қазақтардың байқағыш көзі табиғаттағы тіршілік атаулыны үнемі бақылап отырған, олардың халықтық даналығы көптеген қызықты толықтырулар мен тұжырымдарды жинақтаған" деп, аса жоғары бағалаған./5/

Белгілі жазушы, әрі ғалым Ақселеу Сейдімбеков өз шығармаларында халқымыз бен табиғат арасындағы үндестікті, бірлікті, сабақтастықты ерекше атап өткен. Ол "Көшпелі өмір салты табиғи географиялық дара бітімдегі биосфераға бірден-бір үйлесетінді. Ата-бабамыз туған жеріне кіндік қанын ғана қоймаған, қажет болса жүрек қанын да төге білген" деп, табиғат халқымыз арасындағы өзара байланысты жоғары бағалаған. Қазақтың даналық сөздерінің жинағында - "Табиғатпен үндес болмаған, үндеспеген заттың бәрі де жалған"- деп айтылуында да үлкен мән-мағына жатыр.

Халық ұғымында табиғат деген сөз Жер-Ана, Табиғат-Ана, туған жер, атамекен сөздері түрінде көбірек айтылады. Осыған орай халық арасында нақыл, даналық сөздер жиі кездеседі. Мысалы, "Жер тоймай, ел тоймайды", "Туған жердің топырағы да ыстық", "Қара жер қарыз арқаламайды" т.б. Бұл арада "қара жер" деген ұғым "қасиетті жер" деген мағынаны білдіреді. Табиғаттың бар байлығы жермен тікелей байланысты, содан ғана нәр алады. Сондықтан да бұл ғылымдағы табиғат құбылыстары, заңдылықтары және байлықтары бір-бірімен өзара байланысты, бір-біріне тәуелді деген ұғымды білдіреді./6/

Табиғат сұлулығын сақтай білу, одан ләззат ала білу әрбір ел азаматының, жас ұрпақтың экологиялық мәдениеттілігінің басты көрсеткіші болуы тиіс. Жас ұрпақтарды бала бақшадан бастап қоршаған ортаны таза сақтап, қорғай білуге үйрету керек.

Қорыта келгенде, қазақ халқының дәстүр-тіршілігіндегі ең өзекті мәселенің бірі - табиғат тамашасын бойға сіңіре отырып, қоршаған ортаны қорғауды, оны сақтап көбейтуді паш ету, оны адам мінез-құлқына сіңісті етіп, терең сүшпенішлікпен қарауға тәрбиелеу. Өйткені, табиғаттың жеткізбегенін тәрбие жетілдіреді./7/

1. Колумбаева С.Ж., Білдебаева Р.М. Жалпы экология. – Алматы:Қазақ университеті, 2006.

3. Мамбетқазиев Е., Сыбанбеков Табиғат қорғау: Оқу құралы. – Алматы: Қайнар, 1990.

4. Национальные доклады о состоянии окружающей природной среды в Республике Казахстан в 2000-2006 г.г. - Алматы, 2001-2007 г.г.

5. Экология және табиғатты пайдалану. Бейсенова Ә.С., Шілдебаев Ж., Есполов Е., Самақова А. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 2004.

6. Сағымбаев «Экология негіздері». - Алматы, 1995.

7. Манкеш А.Е., Шілдебаев Ж.Б. Экология. - Алматы, 2009.

## Резюме

### Природа и национальное экологическое понятие

В традиции Казахского народа является одной из актуальных проблем усваивая красоту природы, охранять окружающую среду и сохранять все ее прелести, воспитывать глубокой любовью сохранять ее.

## Summary

### Nature and the national ecological concepts

One of the main purposes of Kazakh people's tradition and life is to bring up the youth to protect our environment. Accepting, enriching, the beauties of nature, they need to feel conscientious attitude to it. Because, upbringing improves the lacks of nature.

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ БАҒА БЕРУ

**Б.Е. Тастанова** - аға оқытушы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында табиғи-экологиялық және химиялық мониторингін жасау Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағынан жоғары дамыған елдердің қатарына қосылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін басым салалардың бірі ретінде белгіленген. Бүгінде экологияға байланысты проблемалар әлем жұртшылығын алаңдатып отыр. Ғалымдар табиғат атаулыға төнген экологиялық апаттың алдын алу жолдарын қарастырып жатса, былайғы жұрт болашақ ұрпаққа не қалатынын ойлап, дабыл қағуда... Еліміздегі экологиялық жағдай өткір де өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Өзге аймақтарға қарағанда Жамбыл облысының аумағындағы экологиялық жағдай анағұрлым шиеленіскен.

Соның негізгілерінің бірі, шайынды суды тазалау аса қиын жағдайда қалып отыр. Тараз қаласының су жүйесі екі өндірістік аймаққа бөлінген (СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС және СОЛТҮСТІК-БАТЫС). СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС өндірістік аймақтағы кәсіпорындардың шайынды суы Байзақ ауданының «Бурыл» ӨҚ Тәулігіне 100-120 мың текше метр мөлшеріндегі 80 пайыздан аса шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік шайынды су Жамбыл ауданындағы «Тастөбе» өндірістік кооперативі (бұрынғы Куйбышев атындағы кеңшар) жерінде орналасқан, көлемі 193,4 гектарлық тоспа алаңына жіберіледі. Кәсіпорындарда шайынды судың оқшауланған немесе қарапайым су тазалағыш құрылымдарының жоқтығынан олар тазаланбастан тоспа алаңдарына түсуде. Сонымен бірге, тоспа су алаңдарына түскен шайынды су салмағы рұқсат етілетін нормадан 4 есе артық. Жыл сайынғы тоспа алаңдарына түсетін шамадан тыс гидравликалық салмақ әсерінен Жамбыл ауданының жақын жатқан елді мекен тұрғындарының шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне пайдаланатын жерасты суының ластануына, сонымен қатар ауылшаруашылық жайылымдарының батпаққа айналуына және елді мекендерді су басуына әкеп соқты. [1] Тазалау құрылымдарындағы қалыптасқан ахуал Аса өзенінің алаптарын ластауға әсер ететіндей экологиялық қауіп туғызып және аймақта эпидемиологиялық жағдайды күрделендіріп отыр. Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің мәліметтері бойынша тоспа су алаңдары орналасқан шаруашылық жерлерінде вирусты гепатит, іш сүзегі ауруларымен науқастану деңгейі орташа есеппен алғанда республикалық көрсеткіштерден 1,4-2,5 есе артық. Тараз қаласында шайынды суды толық биологиялық тазалау кешенін салу мәселесі шешілмеуде.

Облыс бойынша жер үсті су көздерін шайынды су шығарылымдары мен ластайтын негізгі кәсіпорындар — Тараз қаласының, Жамбыл және Жуалы аудандарының кәсіпорындары болып табылады. «Тараз» ЖШС-нің шаруашылық-тұрмыстық және өнеркәсіптік шайынды суы табиғи биологиялық тазалаудан өтіп Талас өзеніне, ал шартты-таза өндірістік су — Төркекелді каналына бұрылады. Дәл осындай тазалау мен шайынды су бұру жүйесі «Жамбыл ГРЭС» ААҚ-да да бар, онда шаруашылық-тұрмыстық шайынды суы толық биологиялық тазалаудан өтіп, Талас өзеніне бұрылады. 2001 жылы «БМ» ЖШС-нің шайынды суды биологиялық тазалау стансасы пайдалануға берілгелі Талас өзеніне бұрылатын су сапасы жөнделді. Облыста шайынды су тазалайтын 28 құрылым бар, олардың ішінде қазіргі кезде біраз кәсіпорындардың тоқтап тұруына байланысты «Ұлар» АҚ, «Луговой РМЗ» ЖШС, «Нұрлан» АҚ жұмыс істемейді. Қала типтес Мирный және Ақсүйек елді мекендерінің тазалау құрылымдары қайта жөндеуді қажет етеді, қазіргі кезде бұл кенттерге ауыз су беру тоқтатылғандықтан тұрғындар тасымалданып әкелінетін суды пайдаланады. [1]

Мойынқұм ауданы облыстағы аумағы ең үлкен, әрі облыс орталығынан шалғайда жатқан аудан саналады. Табиғаты қатал, экологиялық жағдайы нашар. Оның үстіне Бетпақдала төсіне орналасқан. Ондағы елді мекендерде, тұрғындарда шешімін күткен өткір мәселелер толып жатыр. Мысалы, аудандағы Мирный кентін алайық. Бұл елді мекенде орталықтандырылған су жүйесі жоқ, тұрғындар Шу ауданынан автокөлікпен әкелінетін ауыз суды пайдаланады. Радиусы 120-150 шақырымды алып жатқан аумақта бірде-бір су көзін кездестіре алмайсыз. Сондай-ақ, елді мекенде орталықтандырылған жылу қазандығы жоқ болғандықтан, тұрғындар радиоактивтілігі жоғары көмірді пайдалануға

мәжбүр болып отыр. Жағылған көмірден шығатын күлді көметін арнайы орын тағы қарастырылмаған.

Ақсүйек ауылындағы экологиялық жағдай да осыған ұқсас. Көпшіліктің дабыл қағып, мәселе көтеруінің арқасында бұл елді мекен маңындағы жұмысын тоқтатқан уран өндіретін кен орындарын консервациялау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Уран өндіруден шыққан техногендік қалдықтарды көму, бүлінген жерлерді қалпына келтіру шаралары да қолға алынуда. [3]

Бүгінде облыста 96,27 млн. тонна қалдықтар шоғырланған, соның ішінде өндірістік қалдықтар — 94,66 млн. тонна. Нақтылай айтсақ, радиоактивті аршынды жыныстар — 29,23 млн. тонна, химиялық өнеркәсіптік қалдық — 20 млн. тонна, өнеркәсіптік тау-кен аршынды жыныстары — 44,81 млн. тонна, қалдық қоймасындағы шламдар — 2,03 млн. тонна, шала әк — 0,043 млн. тонна, тоспа су тұнбалары — 0,155 млн. тоннаны құрайды. 1999 жылдан бастап химия өнеркәсіп орындарынан шыққан өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу тоқтатылды. Бұл жыл сайын қалдықтардың молаюына әкеліп соғуда. «Химпром 230» ЖШС 2003 жылдан бастап шлак тастарын өңдеп, шлак шағалын шығара бастады, бұл шлак тастарының 273,5 мың тоннаға кемуіне себеп болды. [4] Өте бір күрделі проблема — іске жарамайтын пестицидтер мен улы химикаттарды көму мәселесі. Улы қалдықтарды, жарамсыз улы химикаттарды көму полигонының жоқтығынан көмусіз қалуда.

Облыста арнайы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинайтын 189 қойма бар. Жалпы өңірімізде 5,8 млн тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шоғырланған. Соның ішінде Тараз қаласы бойынша 1,8 млн тонна. Жыл сайынғы қалдықтардың шоғырлануы 90 мың тонна, соның ішінде Тараз қаласы бойынша 23-28 мың тоннаға дейін жетеді. [3] Тұрмыстық қатты қалдықтар жинауды ұйымдастыру аудандар орталығында, қалаларда арнайы коммуналдық кәсіпорындарына жүктелген. Дегенмен, Мойынқұм, Қордай, Меркі, Тұрар Рысқұлов, Жамбыл аудандарында коммуналдық кәсіпорындарының жоқтығынан бұл жұмыстар ауыл әкімдеріне тапсырылған. Бұл салада олар техниканың, қаржының, жұмысшы күшінің жоқтығына байланысты мардымды жұмыс атқарып жатқан жоқ. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша, әсіресе, Тараз қаласының жағдайы ойлантарлықтай — тұрмыстық қатты қалдықтар қаладан 10 шақырым жердегі СОЛТҮСТІК батыс аймағына орналасқан аумағы 30 гектарлық қоқыс төгетін жерге жинақталады. Тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру жүйесіз, жоспарлы түрде қатпарланып жиналмайды, оны улы заттарды өткізбейтін инертті материалдармен жабу жүзеге асырылмайды. Соның салдарынан қала маңының экологиялық жағдайы нашарлауда. Қазір облыстағы аса бір проблемалық мәселе — бұрынғы уран өндірісінің 30,94 млн. тонна көлеміндегі қатты қалдықтарының шоғырлануы, оның 14,46 млн. тоннасы Мойынқұм ауданында. Үкімет бағдарламасына сәйкес 2002 жылы Мойынқұм ауданындағы, 2004 жылы Қордай ауданындағы бұрынғы уран кен орындарын жою және залалсыздандыру нәтижесінде радиоактивтік қалдықтар көлемі 2191,8 мың текше метрге кеміді. Сөйтіп, 937 гектар жер табиғи қалпына келтірілді.

Бұрынғысынша, автокөліктердің облыстың ауа кеңістігін ластауы арта түсуде. Олардың үлесіне облыс көлеміндегі жалпы шығарындылардың 69 пайызы тиесілі. Және бұл жағдайдың түзелер түрі жоқ, шығарындылар көлемі бұрынғы деңгейде — 26, 3 мың тоннаны құрайды. Экологиялық таза заттарды пайдалану үлесін арттыру немесе табиғи газға көшу, троллейбустарды көбейту туралы мәселе өз шешімін таппай отыр. Автокөліктерде катализаторлар-нейтрализаторларды пайдалану жұмыстары жүргізілмеуде. Тағы бір айта кететін экологиялық күрделі мәселелердің бірі, облыстың айдалмалы жерлерінің жағдайы қатты алаңдатуда. "Облыс жерінің тек 5 пайызы ғана жоғарғы дәрежеде гумусталған (қара шіріндімен), 26 пайызы орташа және 69 пайызы төмен және өте төмен дәрежеде. Шабындықтар мен жайылымдарды жиі және жүйесіз пайдалану олардың өнімділігінің төмендеуіне, шөп түрлері құрамының (55-60 пайыз) нашарлауына алып келді, ал кей жерлерді мүлдем тоздырып жіберді. Ал, жайылым жерлердің үлкен бөлігін бұталар басып және талқандалып кеткен. Жел және су эрозиясына ұшыраған жер көлемі 7073,4 мың гектарды құрайды. Көпжылдық бақтар, жүзімдіктер, көкөніс отырғызылған жер көлемі 10,9 мың гектарды құрайды. Олардың үлкен бөлігі суармалы жерлерде орналасқан. Соңғы жылдары мұндай жерлер көлемінің азаю тенденциясы байқалуда. Проблемалық мәселелердің бірі бұзылған жерлерді қалпына келтіру болып табылады. Қазіргі кезде облыста жерді қалпына келтіру жұмыстары мүлдем жүргізілмеуде. Осыған байланысты ауылшаруашылық айналымынан шығып қалған жерлер жыл сайын молая түсуде. [2]

Облыс аумағында өсімдіктердің 1309-дан аса түрі өседі, солардың ішінде 79-ы эндемикалық (сирек) түрі, 104-і — дәрілік шөптер. Дегенмен, өсімдік дүниесінің табиғи көптүрлілігі тоқтаусыз кемуде. Республикалық Қызыл кітапқа 98 өсімдік түрлері енген. Шу, Талас, Аса өзендерінің төменгі ағысында табиғи кешендерде экологиялық тепе-теңдік бұзылу салдарынан өсімдіктердің көптүрлілік қасиеті жойылып, жануарлар мен құстардың кемуі жалғасуда.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер облыстың экологиялық мәселерінің барлығын қамти алмайды. Өйткені су жүйелерінің өзгерісі, жер асты суларының ластануы, Қаратау-Жаңатас өндірістік аймағының экологиялық жағдайы әлі –де болса ушығып тұр.

*1. Сейітқазиев Ә.С., Салыбаев С.Ж. т.б. Геоэкожүйедегі ландшафттың ластануын бағалау; Аналитикалық шолу. - Тараз, 2009, 32 б*

*2. Жамбыл облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы. - Тараз, 2011.*

*3. Жылысбаев К.Ш., Сахи М.С. и др. О проблемах хранения отходов химической промышленности г. Тараз. //Вестник ТарГУ им. М.Х.Дулати. 2009. №2*

*4. Мусаев С., Жылысбаев К.Ш. и др. О методах оценки риска воздействия загрязнения атмосферы отходами производства минеральных удобрений. //Вестник ТарГУ им. М.Х.Дулати. 2010. №2*

### **Резюме**

#### **Оценка современных экологических проблем Жамбылской области**

В статье рассматриваются основные экологические проблемы Жамбылской области и экологическая оценка природоохранной деятельности.

### **Summary**

#### **Assessment of current environmental problems Zhambyl region**

The article discusses the major environmental issues Zhambyl region, and ecological assess the nature of security activity.

## ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН

УДК 378 242: 392.847

### РЕШЕНИЕ ЗАДАЧ С ЭКОЛОГИЧЕСКИМ УКЛОНОМ НА ЗАНЯТИЯХ АНАЛИТИЧЕСКОЙ ХИМИИ

**Н.К. Ахметов** - *д.п.н., проф. КазНПУ им. Абая,*

**Ж.Р. Кожатулова** - *ст.преп. КазНПУ им. Абая*

Высокие темпы научно-технического прогресса, неразрывно связанные с ростом потребления природных ресурсов, вызывает глубокие материальные изменения в окружающем нас мире. Современное производство создает новые химические окружения, в результате чего в биосфере в последние десятилетия присутствуют большое количество соединений, контакт с которыми для всего живого может иметь либо близкие, либо отдаленные отрицательные последствия.

Опасное влияние на загрязнение окружающей среды оказывает и изменение рН кислотности среды. Большинство ионов тяжелых металлов ( $\text{Cu}^{2+}$ ,  $\text{Cr}^{3+}$ ,  $\text{Pb}^{2+}$ ,  $\text{Cd}^{2+}$ ,  $\text{Hg}^{2+}$  и др.) являясь сильными токсикантами при  $\text{pH} > 6$  осаждаются в виде плохо растворимых гидроксидов, карбонатов, сульфидов и концентрируются в донных отложениях. Но увеличение кислотности за счет выпадения «кислотных» дождей, сброса сточных вод, содержащих кислоты, приводит к растворению этих осадков и загрязнению вод ионами тяжелых металлов – токсикантов, которые по цепочке попадают в организм человека [1].

Проблема экологии на сегодняшний день является глобальной из-за широкомасштабного нарушения природных экосистем.

Действие человека по отношению к окружающей среде должно основываться на его образованности, морали и нравственности, знании последствий своей деятельности. Поэтому другая часть инвестиции должна идти на образование.

Перспективы разрешения экологических проблем зависят от того, насколько специалисты будут владеть знаниями в этой области, нацелены нравственно на деятельность в сфере охраны окружающей среды. Поэтому одно из важных мест в экологическом образовании должно принадлежать экологизации химических дисциплин.

Аналитическая химия – это ядро экологического мониторинга в любой области техногенной деятельности человека. Поэтому при обучении химика-аналитика экологические вопросы должны стоять как цель обучения. Студент должен владеть знаниями о предельно допустимых концентрациях любого токсиканта в окружающей среде – природных водоемах, в питьевой воде, в почве, продуктах питания, лекарственных средствах, воздухе и т.д.. Он должен знать химическую природу токсиканта и методы его нейтрализации [5].

Одним из методических приемов обучения этим знаниям является решение задач по аналитической химии как анализа предельно допустимых концентраций токсикантов, не наносящих ущерба окружающей среде или здоровью человека. В каждой задаче надо указывать пограничные, предельно допустимые количество токсиканта в анализируемом веществе и указывать его вредные воздействия на все живое. Формулировка и решение задач, упражнений с уклоном экологической безопасности приведет к формированию экологического мышления у студентов, повысит уровень культуры, включая ее экологическую составляющую [2].

Для решения расчетных задач используются примеры с ионами тяжелых металлов, наиболее распространенных в анализе. Поскольку в настоящее время, вопрос загрязнения окружающей среды ионами тяжелых металлов стоит очень остро, и именно ионы-токсиканты входят в состав многих анализируемых аналитических групп, являясь биогенными металлами, то все задачи связаны именно с этой проблематикой. Это в конечном итоге дает возможность конкретизировать материал курса аналитической химии.

Для решения экологических задач студенты должны знать такие основные разделы:

- что такое электролиты, сильные, слабые электролиты;

- рН среды, ПР труднорастворимых соединений;
- комплексные соединения и их свойства;
- окислительно-восстановительные реакций;
- гидролиз солей и т.д.

В качестве образца можно рассмотреть примеры задач обычной и с экологическим уклоном. Алюминиевые руды содержат примеси свинца, который после получения алюминия уходит в отвалы. Будучи одним из самых вредных загрязняющих токсикантов свинец попадает в почву, мигрирует в почвенные воды и по цепочке растения-животные-человек, попадает в организм человека. Даже ничтожные количества свинца должны извлекаться из отходов для предупреждения попадания в экосистему. Полярнографический метод является одним из экспресс анализов, дающих быстрый и надежный способ определения катионов металлов в образцах.

Задача:

Определить долю (%) токсиканта свинца в образце алюминиевого сплава, массу которого в количестве 4,848 г растворили и раствор разбавили до 50 мл. Высота полярнографической волны свинца в полученном растворе оказалась равной  $h_x = 7,0$  мм. Сколько свинца уходит в отвалы за день, месяц, год [3, 4]?

Дано: Алюминиевый сплав с примесью свинца –  $m = 4,848$  г.

Объем раствора – 50 мл.

Высота полярнографической волны -  $h_x = 7,0$  мм.

Определить (%) свинца в сплаве.

Решение:

Поэтапное формирование действий:

**I этап** – ориентировочная основа действий:

1. Растворение сплава в кислоте.

Разбавление раствора до 50 мл.

2. Написание уравнения химической реакции. Поскольку свинец дает труднорастворимые осадки в HCl и H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> (PbCl<sub>2</sub> и PbSO<sub>4</sub>) растворение сплава проводили в HNO<sub>3</sub> (р).




**II этап** – формирование действий в материальной форме:

1. Провести предварительное полярнографирование стандартных растворов свинца (II).

2. Построить градуировочный график в координатах  $h - C_{(Pb)}$ .

3. Данные полярнографирования стандартных растворов:

$C_{(Pb)} \cdot 10^{-6}$ , г/мл	$h$ , мм
0,25	2,00
0,50	4,00
0,75	6,00
1,00	8,00
1,25	10,00



4. По графику находим  $C_x = 0,87 \cdot 10^{-6}$  г/мл, соответствующую  $h_x = 7,0$  мм.

5. Рассчитываем массовую долю (%) свинца в сплаве:

$$\omega_{Pb} = \frac{C_x \cdot V_{p-p} \cdot 100}{m_{спл.}} = \frac{0,87 \cdot 10^{-6} \cdot 50 \cdot 100}{4,848} = 8,97 \cdot 10^{-4} \%$$

6. Рассчитываем массу свинца в навеске:

4,848 г----- 100%

$m_{Pb}$  ----- 8.97%

$$m_{Pb} = \frac{4.848 \cdot 8.97 \cdot 10^{-4}}{100} = 0.4348 \cdot 10^{-4} \text{ г.}$$

7. Подсчитаем сколько свинца уходит в отвалы за дневную выработку (100 т плава), месячную (10 т·30), годовую (10 т·30·12):

а) в день:  $4,848 \text{ г} \text{-----} 0,4348 \cdot 10^{-4} \text{ г}$   
 $100 \cdot 10^6 \text{ г} \text{-----} m_{Pb}$

$$m_{1Pb} = \frac{100 \cdot 10^6 \cdot 0.4348 \cdot 10^{-4}}{4.848} = 896.9 \text{ г.}$$

б) в месяц:  $m_{2Pb} = 896,9 \cdot 30 = 26907 \text{ г} = 26,907 \text{ кг.}$

в) в год:  $m_{3Pb} = 26,907 \cdot 12 = 327,3685 \text{ г} = 327,36,85 \text{ кг.}$

Таким образом в год в отвалы попадают почти 327,4 кг чистого свинца, загрязняя окружающую среду.

Аналитические методы – это методы определения и очистки веществ от примесей, которые используются в эколого-аналитических лабораториях предприятий и других институтах. Поэтому знакомство и знание предельно допустимых концентраций токсикантов студентами в период обучения в вузе даст возможность предметно изучать экологию через аналитическую химию, узнавая исходные причины загрязнения, методы очистки и методы предотвращения экологических бедствий.

1. Олдан П.Г. Современное производство и окружающая среда. – Новосибирск: Наука, 1979. – с.15.

2. Астафьева Л.С. Экологическая химия. - М., 2006. – с.62.

3. В.П.Васильев, Л.А.Кочергина, Т.Д.Орлова. Аналитическая химия. Сборник вопросов, упражне-ний и задач.2005.

4. Гидрохимические показатели состояния окружающей среды. - М.: Форум – ИНФА – М. 2007.

5. Предельно допустимые концентрации ПДК химических веществ в воде водных объектов хозяйственно-питьевого и культурно-бытового водоснабжения: Гигиенические нормативы (1998). М. Российский регистр предельно опасных химических и биологических веществ Минздрава России. – с.45.

### Түйін

Бұл мақалада экологиялық білім беруде аналитикалық химия пәнін экологияландырудың қажеттігі айтылған. Аналитикалық химия сабағында экологиялық бағдардағы есептерді шығару тәсілі көрсетілген.

### Summary

Need of the ecological formation is stated in this article. One of the methodical receiving the education to this knowledger is a decision of the problems with ecological gradient on analytical chemistry.



УДК 373.5.026:54.04 - 32

## КЛАССИФИКАЦИЯ И СВОЙСТВА ОСНОВАНИЙ. МОДУЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ

**Б.А. Мансуров** – профессор КазНПУ им. Абая,  
**Р.С. Азизова** – студентка 4-курса КазНПУ им. Абая.

Модульное обучение зародилось в конце 60-х гг. XX века и быстро распространилась в англоязычных странах. В нашу страну модульное обучение пришло спустя двадцать лет в конце 80-х гг. XX века, благодаря трудам П. Юцявичене и её последователей.

Цель модульного обучения заключается в том, чтобы обеспечить совершенствование и ускорение учебного процесса с учетом индивидуальных особенностей школьников. При модульном обучении каждому ученику раздается свой вариант модуля (карточка, с последовательным выполнением определенных заданий). Это позволяет привлечь внимание каждого ученика к изучению нового материала.

Модуль - целевой функциональный узел, в котором объединены учебное содержание и способы овладения этим содержанием.

Подготовка учителя заключается в том, что он анализируют программу, определяет содержание блоков, делит их на законченные модули, формирует задачи по изучению каждого учебного элемента (УЭ) и на их основе планирует текущий контроль знаний учащихся.

Рассмотрим использование данной технологии на примере изучения темы «Классификация и химические свойства оснований» в разделе «Обобщение сведений о важнейших классах неорганических соединений».

Предлагается один из вариантов:

Номер учебного элемента (УЭ)	Учебный материал с указанием заданий	Руководство по усвоению учебного материала
1	2	3
УЭ-0	<p><b>Цель:</b> определить исходный уровень знаний учащихся о химических свойствах кислот.</p> <p><b>Задание:</b> даны схемы реакций. Составьте уравнения осуществимых реакций, расставьте коэффициенты. Если реакция не осуществима, зачеркните знак равенства .</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <math>\text{KOH} + \text{HCl} =</math></li> <li>2. <math>\text{Ca(OH)}_2 + \text{CO}_2 =</math></li> <li>3. <math>\text{NaOH} + \text{Fe(NO}_3)_2 =</math></li> <li>4. <math>\text{LiOH} + \text{CaO} =</math></li> <li>5. <math>\text{Ba(OH)}_2 + \text{Na}_2\text{SO}_4 =</math></li> </ol> <p>После выполнения задания учащимся даются карточки с правильными ответами. За каждый правильный ответ начисляется один бал.</p>	Самостоятельная работа по вариантам
УЭ-1	<p><b>Цель:</b> сформулировать представления о классификациях оснований по составу и количеству гидроксильной группы.</p> <p>Вступительный рассказ учителя о классификациях оснований.</p>	Заслушивание сообщения учителя, фиксирование основных моментов в тетради.
УЭ-2	<p><b>Цель:</b> выяснить признаки, по которым классифицируются основания.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Прочитайте в учебнике Н.Н. Нурахметов и др. Химия, 8 класс издание «Мектеп» 2004 г. стр. 122 текст и перенести в тетради таблицу 19 «Классификация оснований».</li> <li>2. Проверьте уровень усвоения полученных знаний в ходе выполнения следующей работы.</li> </ol> <p><b>Задание:</b> среди приведенных формул выпишите нерастворимые основания:</p>	Самостоятельная работа с текстом учебника, таблицей.

	Mg(OH) <sub>2</sub> , Fe(OH) <sub>3</sub> , LiOH, Al(OH) <sub>3</sub> , Cu(OH) <sub>2</sub> , AgOH, Ba(OH) <sub>2</sub> , NH <sub>4</sub> OH, Pb(OH) <sub>2</sub> .	Проверочная работа (по вариантам), с последующим обсуждением и выводом.
УЭ-3	<p><b>Цель:</b> изучить химические свойства оснований. Вступительный рассказ учителя об общих свойствах оснований.</p> <p>1. Прочитайте в учебнике Н.Н. Нурахметов и др. Химия, 8 класс издание «Мектеп» 2004 г. стр. 123 текст «Химические свойства оснований», изучите схемы со страниц 123-124. 2. Проверьте уровень усвоения полученных знаний в ходе выполнения следующей работы.</p> <p><b>Задание:</b> даны схемы реакций. Составьте уравнения осуществимых реакций, расставьте коэффициенты. Если реакция не осуществима, зачеркните знак равенства .</p> <p>1. NaOH + HCl = 2. NaOH + FeSO<sub>4</sub> = 3. Mg(OH)<sub>2</sub> + K<sub>2</sub>O = 4. Fe(OH)<sub>3</sub> + P<sub>2</sub>O<sub>5</sub> = 5. Zn(OH)<sub>2</sub> + H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> =</p> <p>После выполнения задания учащимся даются карточки с правильными ответами. За каждый правильный ответ начисляется один бал.</p>	<p>Заслушивание сообщения учителя. Самостоятельная работа с текстом учебника, схемой.</p> <p>Проверочная работа по вариантам с последующим выводом и обсуждением.</p>
УЭ-4	<p><b>Цель:</b> обобщить знания полученные на уроке. «Выходной контроль».</p> <p>1. Перечислите признаки по которым классифицируются основания. 2. Приведите формулы 4-х нерастворимых оснований. 3. Приведите формулы 4-х растворимых щелочей. 4. Составьте 3 уравнения реакции взаимодействия кислотных оксидов с основаниями. 5. Составьте 3 уравнения реакций взаимодействия оснований с кислотами.</p> <p>Общее подведение итогов урока (расчет баллов, полученных каждым учеником за урок, заполнение оценочного листа).</p>	

### Түйін

Топтап-модульды тарауға берілген «негіздер» тақырыбын оқыту: “Бейорганикалық байланыстардың басты кластары” тарауының бір бөлігі. Тақырыпты кеңейтіп оқыту оқушылардың жаңа білімді жан-жақты меңгеруі өз бетімен меңгеруімен қарастылады.

### Summary

This article is about bloc-and-modal teaching of theme “bases” from Unit. The aim of the them is to encourage students, to fork out rules themselves by using other knowledge’s. The lesson plan includes various tasks and actives the instructor, in developing students skills.

ӘОЖ 3.78. 6.016. 02. 52004 (574)

## КРЕДИТТІК ЖҮЙЕНІ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТ БІЛІМІН ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Ж.Ә. Шоқыбаев** - *п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ,*

**Д.Ә. Қаражанова** - *оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ,*

**Ж.Р. Қожағұлова** - *аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ*

Білім беру үрдісінің нәтижесін оқушының алған білімін бағалау арқылы анықтауға болатыны белгілі. Шетелдік және отандық педагогикада оқушы білімін бағалаудың көптеген әртүрлі әдістері бар. Оларды жалпы түрде төмендегідей жіктеуге болады[1,2]:

- күнделікті;
- тақырыптық;
- тарау бойынша;
- пән бойынша.

Кеңестік білім беру жүйесінде күнделікті бақылау кезінде оқушы білімін бағалаудың келесідей әдістері жиі қолданылып жүрді:

- ауызша жеке сұрау;
- фронтальды сұрау;
- жеке карточкалар тарату арқылы тұтас бақылау өткізу.

Ауызша сұрау кезінде оқушы тақтаға шақырылады, қойылған сұраққа жауап береді, қажет болса тақтаға жазып білімін, білігін көрсетеді. Бұл кезде оқушының материалды меңгеру деңгейімен қатар, оның өз ойын тыңдаушыға дұрыс жеткізе білу қабілеті, ой-өрісі, анализдеу, синтездеу қабілеті де білінеді. Осы тұрғыдан бұл әдіс оқушы білімін тексерудің нәтижелі әдісі болып табылады. Алайда, бұл әдісті пайдалану көп уақытты қажет етеді, бөлінген сағатта көп оқушының білімін тексеруге мүмкіндік жоқ. Сондықтан бұл әдісті қолдану оқытушыға әдістемелік жағынан жоғары талап қойылады.

Оқушылардың білімін, өткен материал бойынша даярлығын қадағалау мақсатында фронтальды сұрау әдісін пайдалану жақсы нәтиже береді. Бұл әдісті өз кезінде дұрыс пайдалану оқытушының әдістемелік іскерлігіне байланысты [3]:

Оқушы білімін күнделікті жүйелі бақылау үшін жеке карточкалар қолданудың педагогикалық үрдісте орны ерекше. Жеке карточкаларды оқу үрдісіне енгізу арқылы бір уақытта түгелдей топ оқушыларының өткен материалды қалай меңгергенін бақылап отыруға болады. Бұл өз кезегінде, жаңа материалды оқушыларға түсіндіруге уақыт үнемдеп, оқу үрдісін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Оқушы білімін тақырып бойынша бақылау үшін де осы әдістерді қолдануға болады.

Тарау бойынша оқушы білімін бақылау үшін педагогикалық, дидактикалық тұрғыдан тиімдісі - ол ауызша жеке-жеке сұрау және жазбаша бақылау жұмысын жаздырып тексеру. Бұл кезде оқушының өткен материалды меңгеру деңгейін ғана біліп қоймай, оның өз ойын түйіндеу мүмкіндігін, ойын тыңдаушыға дұрыс жеткізе алуын, психологиялық жағдайын да бағалауға мүмкіндік туады.

Пән бойынша қорытынды бақылау өткізуге өте үлкен мән берген жөн. Өйткені, осы бақылауға оқушымен қатар, оқытушыда түбегейлі дайындық жүргізуі тиіс. Оқушы білімін тексеру үшін ол өткен материалдар бойынша сұрақтар мен билеттер даярлайды.

Оқушыларға консультациялар ұйымдастырылады, ал оқушылар бағдарламалық сұрақтар бойынша әзірленеді.

Оқушы білімін осылайша, жүйелі бағалау оқушы құқығын сақтаумен қатар, олардың алған білімін бағалауды объективті ұйымдастыруға жақсы жағдай тудырады.

Қазіргі кезде, білім беру процесінің жаңа парадигмасына байланысты оқушы білімін бағалаудың ерекше әдістері қолданылуда [4]. Олардың ең көп қолданыстағысы - білімді тест түрінде бағалау. Бұл әдіс білім алушылардың барлық сатысында-орта мектептен бастап жоғары оқу орындары, магистратура, докторатура сатыларында кеңінен қолданылуда. Әрине, тестті өткізуге аз уақыт қажет. Бір уақытта көп оқушының даярлығын білуге болады. Сонымен қатар, тесттік білім бағалаудың кемшілік жақтары да жоқ емес. Оқушы тестке даярлану барысында, тестті тапсыру кезінде оқу

материалын терең түсінуге тырыспайды, оқыған материалдағы заңдылықтарға, олардың себеп-салдарына жете көңіл бөлмейді. Бұл оқушының өткен материалын жан-жақты саралауға, одан өз бетінше қорытынды жасауына жағдай туғызбайды, керісінше, оқушы алған білімін көпке сақтай алмай ұмытуының себебі болып табылады.

Оқушы білімін бақылаудың жаппай тест әдісіне көшуі - оқушының психологиясына, ойлау, сараптау, анализдеу, синтездеу, өз ойын айта білу, сөйлеу қабілетіне кері әсерін тигізетіні де байқалады.

Енді оқушы білімін қорытындылаудың әртүрлі әдістері бойынша нәтижелеріне көңіл аударалық.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дің 5В011200-химия және 5В060600-химия мамандықтарына түскен мектеп бітірушілерінен орта мектеп материалдары бойынша химиядан алынған бақылаудың нәтижесі келесідей болды:

1-кесте. 1-курсқа түскен студенттердің химия пәнінен білімі

№ №	Мамандық	Бағалар										Жалпы саны
		5		4		3		2		Жауап жоқ		
1	5В011200	2	6,6%	3	10%	7	23,3%	11	36,6%	7	23,3%	30
2	5В060600	2	10%	3	15%	3	15%	7	35%	5	25%	20

Кестеден университетке жаңа түскен студенттердің химиядан білім деңгейлерінің өте төмен екендігі көрініп тұр. Студенттермен жеке әңгімелескен кезде олардың химияның ұғымдары мен заңдарын ауызекі, түйіндеп айта алмайтындығы да білінді. Оның себебін сұрағанда мектепте, әсіресе, ауыл мектептерінде 10-сыныптың 3-4 тоқсаны мен 11 сынып түгелдей ҰБТ – ға даярлануға көңіл бөлініп, сабақ жөнді өтілмейтіндігін білдік. Мұны пән мұғалімдерімен өткізілген облыстық семинар да дәлелдеді.

Зерттеуіміз енді осы студенттердің университет қабырғасында алған білімдерін әртүрлі әдістермен бағалауға арналады.

2 кесте. Студенттердің 2010-2011 оқу жылы қысқы сессиядағы білім көрсеткіштері.

№	Мамандық	Студент саны	Аралық бақылау	Емтихан орта пайызы		Қорытынды баға								Орташа оқу үлгерімі
				Тест (60%)	Ауызша (40%)	А		В		С		F		
						саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	
1	5В060600	20	64,4	50,8	22,5	3	15	9	45	5	25	3	15	2,45 (C+)
2	5В011200	30	665,6	45,77	22,9	4	13,3	15	50	10	33,3	4	13,3	2,42 (C)

Болашақ химиктер 5B060600 – химия және 5B011200 – химия мамандықтары 1- семестрде «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» пәнінен дәріс курсы (30 сағат), зертханалық жұмыстар (60 сағат) және СОӨЖ (30 сағат) өтеді. Бұл пән орта мектепте химия пәнінің негізгі бөлімі болып табылады. Қазіргі кезде орта мектептің 8-9 сыныптарында бейорганикалық химия материалдары, ал 9- сыныптың соңында органикалық химияның негізгі кластары ғана қарастырылады. Қазіргі мектеп 10 сыныптан бейінді білім алу бағытында болғандықтан гумандық және жаратылыстану – математика бойынша сағат сандары әртүрлі болады. Екі бағытта да 10-сыныпта бейорганикалық химия, ал 11- сыныпта органикалық химия өтіледі. Сол себептен болашақ химия пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігінің жоғары болуы үшін де студенттердің бейорганикалық химияның теориялық негіздерін жақсы түсініп білуінің, олардың химиялық тілді, практикалық дағдыны қалыптастырудың маңызы зор. Осы жағынан алғанда қазір жаппай іске асырылып отырған білім берудің кредиттік жүйесінің оң прогрессивтік жақтарымен қатар, біз қолданып жүрген жағдайда кемшіліктері де жоқ емес.

Оның біріншісі білім беру үрдісінің белгілі бір рамкада шектелуі – дәріс, зертханалық сабақ, СОӨЖ. Оқытушы жүктемесі тек осы іс-әрекетпен шектеледі.

Екіншіден, әрбір дәріс, зертханалық сабақ, СОӨЖ өткен сайын білім алушы баллдар жинауы. Кейде студент ауырып немесе басқа да себептен сабаққа келе алмаса балы кемиді. Сабақ кестесінде ол сабақты басқа уақытта өту мүмкіндігі жоқ. Демек, сабақты жіберген студенттің сол материалды игеру мүмкіндігі де кемиді.

Үшіншіден, біздің университет студенттерінің апталық аудиториялық жүктемесі жоғары. Олардың айтуынша сабақ таңғы 8<sup>00</sup>-ден кешкі 16<sup>00</sup>-18<sup>00</sup>-ге дейін жүреді. Мұның өзі студенттің өз бетінше оқып білім алуына мүмкіндік туғызбайды.

Төртіншіден, студенттердің семестрде оқитын пәндері өте көп. Кредиттік жүйеде зачет жоқ, сондықтан барлық сабақтардан емтихан тапсырылады. Ол, өз кезегінде, әр пәнге даярлану мүмкіндігін азайтады. Сол себептен студенттер, көбінесе, емтиханға даярлықсыз бара салады.

Осылардың бәрі студенттердің жалпы оқу үлгеріміне әсер ететіні сөзсіз.

Болашақ химия пәні мұғалімдерінің 1- семестрдегі «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері» пәні бойынша білім деңгейлерін кредиттік жүйені пайдаланып бағалау нәтижелері 2-кестеде келтірілген. Айта кету керек, 1- курс студенттерінің химия пәніне деген ынтасы жақсы, дәріске, зертханалық сабақтарға, СОӨЖ сабақтарына жақсы қатынасады. Алайда, мектептен алған химиядан базалық білімдері төмен болғандықтан, аралық бақылаудың орта нәтижесі 100 % -дан төмендеу (5B060600-64,4%, 5B011200 – 65,6%).

Биыл 2010-2011 оқу жылының 1- семестрінде эксперимент ретінде емтиханды екі түрде – тест және ауызша қабылдадық. 2-кестеден тест түрінде емтиханның орта нәтижесі 60%-дан 5B060600 – 50,8 % болса, 5B011200 – 45,77 % болды. Яғни, бұл тәсіл бойынша жалпы білім деңгейлері жоғары деуге болады. Ал осы материалдарды ауызша сұраған кезде студенттердің білім деңгейлері жалпы 40 % -дың жартысын (22,5 % және 22,5 %) құрайтыны белгілі болды. Бұл - төмен деңгей. Ауызша сұрау кезінде көпшілік студенттер өздері жазған дәрістерін оқымағандары білінді. Мәселен, сұрақтағы анықтамалар мен заңдардың өз конспектісінде қайда екенін білмейді.

2-кестеден білім деңгейлері өте жоғары (А, А+) студенттер аз (15%, 13,3%), олардың тең жартысының (45%, 50%) білім деңгейі (В-, В, В+), ал 25% -33,3% пайыздікі (С-, С, С+) және 15%-13,3% -ның білім деңгейі өте төмен (F) екендігі көрініп тұр.

Емтиханды екі тәсілмен өткізу студенттердің ауызша емтихан тапсырғандағы білім деңгейлері тесттік бақылауға қарағанда екі еседей төмен болған (50,8%-22,5%, 45,77 %-22,5%). Бұл ауызша емтиханның объективті екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ауызша емтихан кезінде студенттің ой-өрісі, оқу – материалын санасынан өткізу арқылы түйіндеу, қорыту сияқты психологиялық мотивациялары дамиды. Ол өз кезегінде, алған білімнің сапалы болуының негізі болады.

Қорыта келе, оқушы білімін қорытындылау кезінде емтиханды ауызша немесе жазбаша түрде өткізудің оқушы білімі мен біліктілігін, дағдысын объективті бағалауға мүмкіндік беретіні белгілі болды. Оқытушының педагогикалық, әдістемелік дайындығына орай білімді тест түрінде бағалауды күнделікті, аралық бақылауда пайдалануға болады.

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Астана, 1998.

2. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. – Алматы: Дарын, 2006.

3. Жадрин М.Ж. Оқушыларды химиядан алған білімін пайдалануға дағдыландыру. – Алматы: Рауан, 1990.

4. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Print – S, 2005.

### Резюме

Статья посвящена особенностям заключительной оценки знаний студентов в условиях внедрения в учебный процесс кредитной системы обучения. Дана количественная и качественная оценка знаний студентов при совместном использовании устного и тестового контроля.

### Summary

The article is devoted to features of the final evaluation of knowledge of students in the conditions of introducing in the educational process of the credit system of education. A quantitative and qualitative assessment of knowledge of students at the joint use of the oral and test control.

УДК 378.147.88

## НОВЫЕ ФОРМЫ РАБОТЫ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ

**А.А. Агишева** – к.х.н., старший преподаватель,  
*Актюбинский государственный педагогический институт,*  
**Ж.Б. Чилдебаев** – д.п.н., профессор,  
**Н.Т. Манапов** – преподаватель,  
*Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

Согласно определению, образование – совокупность систематизированных знаний, умений и навыков, взглядов и убеждений, а также определенный уровень развития познавательных сил и практической подготовки, достигнутые в результате учебно-воспитательной работы [1]. В условиях динамично развивающегося общества и инновационного преобразования образовательной сферы целостность процесса обучения должна осуществляться единством теории и практики. На кафедре химии Актюбинского государственного педагогического института третий год внедряется проект «Пирамида» по линии ВУЗ – школа. Данный проект направлен на актуализацию знаний и опыта будущих учителей и становление их профессиональной компетенции.

Как известно, в педагогическом ВУЗе студент-химик выпускного курса пишет дипломную работу по химии либо по методике преподавания химии. Предполагается, что в ходе выполнения дипломной работы особенно активизируется личностная и познавательная деятельность студента, развивается научное мышление, творческое воображение, самостоятельность, формируются и развиваются универсальные исследовательские умения и навыки, происходит овладение приемами исследовательской деятельности [2].

Однако, если студент пишет работу по химии, то побыть «настоящим учителем» ему удастся только на педагогической практике. С другой стороны, многие школьные учителя хотели бы теснее сотрудничать с педагогическим ВУЗом, поскольку одним из показателей результативности школьного учителя на сегодняшний день является успешность научной работы учащихся.

Поэтому для расширения зоны педагогической практики студентов выпускного курса и в целях упрочения связи ВУЗ – школа было предложено использовать опыт работы с «курсовиками» и «дипломниками» центральных ВУЗов республики, когда с одним студентом работает целая «лестница» специалистов. К «курсовику» кафедры прикрепляется «дипломник», его работа курируется магистрантом, который получает консультации от аспиранта, над последним работает кандидат наук, и, наконец, всю работу возглавляет профессор, доктор наук.

Упрощенный вариант подобной пирамиды представляет школьника, занимающегося научными изысканиями под наблюдением успевающего старшекурсника, который пишет дипломную работу у преподавателя педагогического ВУЗа, который, в свою очередь, работает над актуальной темой научного исследования.

Таким образом, студент, работающий со школьником, позиционирует себя как химик-исследователь, с одной стороны, и как химик-педагог, с другой. Налицо реализация профессионального потенциала студента, которому предстоит продумать результаты своей деятельности, разработать стратегию поиска путей и методов решения задач, причем, как научных - в ходе эксперимента, так и обучающих - в ходе работы со школьником.

Студент осознанно использует педагогические приемы и методы, активные социально-психологические методы, поскольку в ходе научной работы ему предлагается отслеживать свои действия по развитию личности школьника. При организации и планировании исследовательской работы студент обращается к технологии проектной деятельности, согласует свои действия с методом проектов. При постановке эксперимента использует такие приемы развития творческого мышления, как поиск, альтернатива, отмена допущений, аналогии.

Теоретическое обоснование результатов работы подразумевает использование приемов технологии развития критического мышления. Нередкие парадоксальные явления требуют вдумчивости, решения проведением мозгового штурма, так как студент и школьник – небольшая команда, движимая общей целью.

Взаимодействие со школьником «как учитель» способствует становлению культуры речи студента, также работа над речью и дикцией школьника повышает речевую культуру самого школьника.

Подготовка и написание статей, оформление результатов на конкурс школьных работ и студенческие конференции, составление отчетов, докладов помогает студенту задолго до представления дипломной работы освоить процессы документирования результатов научно-исследовательского творчества, структурирования и оформления научных текстов. Студент практически осваивает классификацию научной информации и классификационные системы УДК.

С нынешнего года дипломная работа такого студента-учителя пополнится отдельной главой, соответствующей специфике педагогического ВУЗа «Отчет по педагогической деятельности при выполнении дипломной работы». Здесь указывается общая информация о подопечном школьнике:

1. Ф.И.О. учащегося, класс, школа
2. Время совместной работы над проектом
3. Опробация работы (конференция МАН, «Дарын»), результаты
4. Совместные публикации по работе

Наличие таких подпунктов с самого начала работы нацеливает на конкретные результаты.

Кроме этого, запрашивается подробная характеристика отдельных деталей. Например, под заголовком «Поиск научной информации» находятся подпункты:

1. Периодические издания
2. Интернет-источники, специализированные сайты,

которые предполагают работу не только с учебниками, но и с научной периодикой, не только с общеизвестными поисковыми системами, но и специализированными сайтами по данной тематике. Студент имеет возможность систематизировать поисковую работу и научить этому своего подшефного.

В разделе «Специальные знания, необходимые для выполнения работы» студент должен указать:

1. Область химии
2. Ключевые слова
3. Основные понятия.

В работе по изучению коррозии ответ может быть таким:

1. Электрохимия.
2. Коррозия, деполяризация, электродный потенциал, пассивация
3. Электрохимический ряд напряжения металлов. Гальванические элементы.

Дифференциация знаний – важный методический аспект, который поможет студенту оценить уровень своей компетентности, устранить возможные пробелы, а также помочь школьнику усвоить необходимые знания.

Во введении к дипломной работе студент указывает использованные научные методы работы, например, гравиметрический метод анализа. Но в разделе «Примененные методики, освоенные навыки и умения» последней главы студент укажет все приемы, которым научил школьника:

«Подготовка посуды – мытье и сушка, использование хромовой смеси, работа с сушильным шкафом. Методика работы с техническими и аналитическими весами. Расчет и приготовление растворов. Взятие навески. Растворение. Перемешивание. Пользование водяной баней. Работа с электрической мешалкой» и т.д.

В разделе «Использованные педагогические приемы в работе над проектом» студенту предстоит с методической точки зрения оценить свою деятельность, подобрать необходимые теоретические

приемы и применить их на практике. Студент имеет возможность оценить, как много он знает сам по сравнению со школьником – повышается самооценка, студент работает с удовольствием. При этом школьника также стимулирует подобное сотрудничество. Близость по возрасту помогает школьнику чувствовать себя увереннее, знания достаются без напряжения, бывает, и по другим школьным дисциплинам просит у студента помощи. Интересно наблюдать, что через некоторое время и студент, и школьник меняются в лучшую сторону. Совместное творчество делает каждого более опытным, более самостоятельным.

Отобранные для педагогического проекта студенты чувствовали ответственность и ощущали свою значимость. Так, выпускница АГПИ 2009 года Дурягина А.В. работала по теме «Исследования материалов для литий-ионных элементов» совместно с учащимися Актюбинской областной специализированной физико-математической школы-интерната Дастеновым Н. и Жаксигали М. [3], которые за представленную работу были удостоены первого места на международном конкурсе научных работ школьников (г. Паралимни, Греция). Сейчас Дастенов Н. и Жаксигали М. – студенты-первокурсники химического факультета КазНУ им. Аль-Фараби (рисунок 1, 2).



**Рисунок 1. Выпускница АГПИ 2009 года Дурягина А.В.**



**Рисунок 2. Победители международного конкурса Дастенов Н. и Жаксигали М.**

Выпускница 2010 года Баймуратова Р.Е. по результатам работы с десятиклассницей МСШ № 27 Кожаяевой Д. представила ряд публикаций [4-6]. Работа студентки удостоена четвертого места на республиканском конкурсе научно-исследовательских работ студентов 2010 года (КазНПУ им. Абая). Школьница награждена дипломом II степени 14-ой областной научно-практической конференции МАН (г. Актобе) и дипломом II степени 36-ой региональной республиканской научно-практической конференции МАН (рисунок 3,4).

Студент 4 курса специальности «химия» Горобец А.А. второй год работает с ученицей 9 класса школы-гимназии № 17 Сакиевой Г. [7,8]. Школьница награждена дипломом II степени 14-ой областной научно-практической конференции МАН (г. Актобе) и дипломом I степени 36-ой региональной республиканской научно-практической конференции МАН. Ее работа по линии «Дарын» рекомендована на предстоящий международный конкурс научных работ школьников (рисунок 5).






**Рисунок 3. Победитель 14-ой областной и 36-ой республиканской конференции МАН Кожаяева Д., 10 класс**



**Рисунок 4. Студентка 3 курса Отарова А.Б. – соруководитель научной работы учеников 8 и 6 класса и выпускница АГПИ 2010 года Баймуратова Р. -победительница республиканского конкурса студенческих работ 2010 года**

По результатам научной работы готовят публикации и отчеты студентка 4 курса Буркутова Л. (совместно с ученицей 9 класса) и студентка 3 курса Отарова А.Б. (совместно с учеником 8 класса и учеником 6 класса), рисунок 4.



**Рисунок 5. Обладатель диплома I степени 36-ой региональной республиканской научно-практической конференции МАН Сакиева Г., 9 класс**

В дальнейшем планируется не ограничиваться выполнением только научных работ и расширить взаимодействие ВУЗ – школа созданием студенческого консультационного центра, когда лучшие студенты-химики будут консультировать школьников города, желающих «подтянуть» химию (и другие предметы школьной программы) или углубленно заниматься предметом, готовиться к школьным олимпиадам различных уровней, к ЕНТ и т.д.

Следует отметить, что возраст студентов-учителей стал младше, а желающих работать со школьниками – больше. Таким образом, данный проект помогает реализовать творческий потенциал будущих педагогов уже с младших курсов педВУЗа.

1. Подласый И.П. Педагогика. – М., 2009. – 540 с.

2. Агишева А.А., Бакенов Ж.Б., Мансуров З.А. Выработка профессионального подхода при выполнении дипломной работы // Мат. респ. научно-теор. конф. «Педагогическое образование: история и современность» - Актобе, 2007. - С. 271-279.

3. Агишева А.А., Талдыкбаев Ж., Естурина Г.Б., Дурягина А.В. Твердофазные реакции получения катодных материалов // Мат. междунар. научно-практ. интернет-конф. «Современные проблемы естественно-математического образования» - Актобе, 2009. - С. 386-388.

4. Агишева А.А., Баймуратова Р.Е., Кожжаева Д. Литий-ионные элементы как передовые химические источники тока // Вестник АГПИ. – Актобе, 2010. - № 4.

5. Баймуратова Р. Е., Агишева А.А., Кожжаева Д. Современные аккумуляторы и перспективы их развития // Вестник АГПИ. – Актобе, 2010. - № 4.

6. Агишева А.А., Баймуратова Р.Е., Кожжаева Д. Синтез катодного материала для литий-ионных источников тока // Вестник АГПИ. – Актобе, 2010. - № 4.

7. Агишева А.А., Горобец А.А., Сакиева Г. Количественная оценка коррозии // Вестник АГПИ. – Актобе, 2010. - № 2. - С. 123-126

8. Агишева А.А., Горобец А.А., Сакиева Г. Коррозия сталей в агрессивных средах // Вестник АГПИ. – Актобе, 2010. - № 4.

### Түйін

Мақалада студенттер мен мектеп оқушыларының ғылыми зерттеулерінің нәтижелері келтірілген. Олардың жұмыстары туралы мәлімет қысқаша есеп арқылы баяндалған.

### Summary

In the article the results of scientific research of students and pupils have given. A short report includes information about there activity.

ӘОЖ 378.016.017.4-053.67(574)

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

А.С. Сағындықов - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті

Бүгінгі таңда мектеп мұғалімдері өзінің іс – тәжірибесінде дәстүрлі педагогикалық, әдістемелік және дидактикалық жүйелерге қарағанда оқытудың жаңа технологияларын барған сайын жиірек пайдалануға бет бұруда. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын пайдаланудың тиімділігі көптеген компоненттерден құралады, олардың ең негізгілері денсаулық сақтаушы орта мен топ ұжымындағы қарым – қатынастың нәтижелілігі мен оны бағалауды қамтитын оқыту үдерісінің тиімділігі болып табылады.

Педагогикалық технология немесе оқыту технологиясы дидактикалық немесе әдістемелік жүйенің негізгі бөлігі болып табылады. Мысалы, егер әдістемелік жүйе «нені оқыту керек?», «не үшін оқыту керек?», «қалай оқыту керек?» деген мәселелерді шешуге бағытталған болса, оқыту технологиясы бұлардың тек негізгі шартын ажыратып көрсетеді. Мәселен, педагогикалық технологиялар: 1) оқытудағы күтпеген, кездейсоқ жағдаяттарды жоюға; 2) оқушының оқу – танымдық іс - әрекетінің құрылымы мен мазмұнының анықтайтын оқу – тәрбие үдерісінің жобасына негізделуге; 3) оқыту мақсаттарын диагностикалық зерттеу және білімді меңгеру сапасын бағалау жолымен анықтауға; 4) оқыту үдерісінің іс жүзіндегі толымдылығын қамтамасыз етуге тиіс. [1]

Оқыту технологиясын таңдап алу оқушының оқу – танымдық іс - әрекетін басқарудың негізгі буыны болып табылады. Бүгінгі таңда білім беруді дамытудың басым бағыттарын қамтитын педагогикалық технологиялардың пайдаланылып жүргендігі белгілі. Кез келген пәнді оқытуда бұлардың барлығын бірдей пайдалану мүмкін емес, сондықтан оқыту технологияларын іріктеп алудың белгілі бір өлшеуіштері, критерийлері болуы керек.

Біз, ғылыми әдебиеттердегі оқыту технологияларын бағалау критерийлерін және қазіргі бар технологияларға салыстырмалы талдау жүргізу нәтижелерін басшылыққа ала отырып, жаратылыс-

тану пәндерін оқытуға арналған технологияларды таңдап алудың келесі критерийлерін ұсынамыз: білім беру тұрғысынан маңыздылығы; қолданбалы мақсаттар тұрғысынан маңыздылығы; ұлттық – аймақтық ерекшеліктерге сәйкестігі; жүйелілігі; тиімділігі; пән ерекшеліктерінің ескерілуі; оқушының интеллектуалдық даму дәрежесіне сәйкестігі; оқушылардың жас ерекшеліктерінің ескерілуі.

Осы критерийлерді және ғалымдардың оқыту технологиялары туралы тұжырымдарын негізге ала отырып, біз жаратылыстану пәндерін оқытуда қолдану үшін келесі технологияларды пайдаланған тиімді деп есептейміз: дидактикалық бірліктерді ірілендіру, дамыта оқыту, модульдік оқыту, саралап оқыту, деңгейлі саралап оқыту, тірек сигналдары мен тірек кестелері арқылы оқыту, шоғырландыра қарқынды оқыту, интеграцияланған технология, сатылай-кешенді талдау, компьютерлік технология. Әрине бұлардың әр қайсысының өзіне тән мақсаты, ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. [2,3]

Жаратылыстану пәндерінің ерекшелігі сол, бұл пәндерде оқушылардың практикалық және эксперименттік іс - әрекеттеріне, олардың білімді түрлі мәселелерді шешу үшін қолдана білу біліктеріне маңызды роль беріледі. Сондықтан оқушының өзіндік танымдық іс - әрекетке, оқу үдерісін ұйымдастыруға, ақпаратты пайдалану мен әрекеттің белгілі тәсілдерін қолдануға қабілеттілігі бірінші орынға шығады.

Танымдық ізденімпаздық оқушының танып – білуге тиіс мазмұнның элементтерін немесе олардың тізбектілігін таңдауында, таным тәсілдерін таңдап алуында, өзінің алға басуының қарқынын, жылдамдығын анықтауында, серіктестерін таңдауында, танымдық іс - әрекетті жүзеге асыру уақыты мен орны туралы шешімінде көрініс беруі мүмкін. [4]

Оқыту үдерісін ұйымдастырудың іс - әрекеттік - құзыреттік тәсілі шеңберінде мектеп оқушыларының өзіндік танымдық қабілетін ұштауға үлкен мүмкіндік беретін оқыту технологиялары неғұрлым тиімді.

Сөйтіп, қазіргі жағдайда мектепте білім берудің дәстүрлі жүйесін өзгерту үшін нақты алғышарттар бар деген қорытынды жасауға болады. Мұнда мектеп пәндерін оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану проблемасы маңызды орын алады.

Аталған технологияларды пайдалану кезінде өзіндік ізденімпаздықты, белсенділікті, оқушы интеллектін, оның пәнге деген қызығушылығын дамытатын және оқушылардың пәндік және түйінді құзыреттерін қалыптастыратындай оқытудың интерактивтік, проблемалық – ізденушілік, коммуникативтік, ойын түрінде өткізу әдістері, жоба әдісі және т.с.с. неғұрлым тиімді болуы мүмкін.

Мұғалім пәнді оқытудың әдіс – тәсілдерін орынды пайдаланғанда ғана оқытудың мақсатына қол жеткізе алады. Сондықтан да оқытудың оқушы тұлғасын дамытуды қамтамасыз ететіндей неғұрлым тиімді әдіс-тәсілдерін таңдау мәселесі мұғалімнің алдында тұрған үлкен міндет болып саналады.

Жоғарыда аталған технологияларға талдау жасай келе, біз жаратылыстану цикліндегі пәндерді оқытуда оқушы тұлғасын дамытуды қамтамасыз ететін оқытудың модульдік – блоктық технологиясын қолдану тиімді деп таптық.

Жеке тұлғаның мотивациясы хабардар болу, себеп-салдар, дәлелдер, мақсаттар мен оның мағынасын қарастыратын, жеке тұлғаның бағыттылығымен қамтамасыз етіледі. Жеке тұлғаның бағыттылығы адамның қоғамға және өз - өзіне деген қарым – қатынасының жүйесін; іс - әрекет пен оның тәртіп бірлігін анықтайды; жеке тұлғаның тұрақтылығын құрады; өздігінен даму мен машықтану негізі болып табылады. Жалпы педагогтың бағыттылығы өздігінен даму, танымдық, азаматтық бағыттары болып бөлінуі мүмкін.

Адам іс - әрекетінің негізгі формасы арнайы білім, іскерлік пен дағдының жиынтығын меңгерген адамның еңбек іс - әрекетінің түрі ретінде кәсіби іс - әрекет қарастырылады. Адамның кәсіби іс-әрекетке кірісуге іс-әрекеттің субъектісі болып табылатын жеке тұлғаға, кәсіби дайындығына, тәжірибесіне, іскерлігіне, дағдысына байланысты. Ал екінші жағынан, субъектінің ерекшеліктеріне және әрекет өрісіне, берілген мамандықтың ерекшеліктеріне, нақты бір кәсіби іс-әрекет түріне, сонымен қатар кәсіби дайындық құралы мен әдісіне байланысты. Маманның бойындағы кәсіби іскерлік қасиеттер және оларды қалыптастыруға көмектесетін іс-әрекет пен объект іс-әрекеті белгілі бір деңгейде бір – бірімен байланысты. [5]

Ғылыми – педагогикалық әдебиеттерді талдай келе, жаңа технологиялық оқытудың бір бағыты пәнаралық байланыс маңызды дидактикалық, әдістемелік категория.

Жалпы пәнаралық байланыс ұғымына Г.К.Шолпанқұлова: «пәнаралық байланыс дегеніміз – шындық өмірдің объектілері, құбылыстары және процестері арасындағы синтездеуге, интеграция-

лауға ұшырайтын қарым – қатынасты бейнелейтін педагогикалық категория» - деген анықтама береді.

Оқушының логикалық қабілетін, эстетикалық талғамын арттыруда пәнаралық байланыстың мәні ерекше. Күнделікті оқу процесіндегі пәнаралық байланыстыру тәжірибесінде оқушылардың бір пәнде қалыптасқан логикалық іскерлігін, әсерін екінші пәнде қолданып, сабақтың оқу процесінің тиімділігін арттыруға болатынын байқау қиын емес. Пәнаралық байланыста мұғалім жаңа материалды түсіндіру кезінде байланысатын басқа материал бойынша оқушыларға ілеспелі сұрақ қойып, жауабын анықтап, материалды толықтыра алады. Мұғалім пәнаралық байланыстыру арқылы оқушылардың жан – жақты дамуына, оның түрлі ғылым салаларын меңгеруіне, жасаған орта мен қоғамды түсінуіне ықпал жасайды. Бірақ бұл ықпал мұғалімдердің басқа пәндерден де терең білімі болуын талап етеді. Мұғалім берілетін сабақтың көлемі мен мазмұнымен танысып, соған орай қолданылатын пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың алатын білімін тереңдетуге, эстетикалық мәдениетін дамытуға ұмтылғаны жөн. [6]

Біздің іздену – зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде оқушыларды кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттерді мазмұны бойынша мынадай топтарға бөліп қарастыруға болатынына көзіміз жетті: саяси – идеялы, ізгі - өнегелік, психодинамикалық, ұйымдастырушылық, ерік – жігеріне және сезім әрекетіне, ойлау мүдделеріне байланысты ұйымдастырылған топтар, олар:

1) идеялы – саяси топ: қоғамдық белсенділігі, саяси көзқарасы, принциптілік, кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіби дүниетанымы, қызметтегі міндеті мен борышы;

2) өнегелік қасиеттер тобы: қайырымдылық, мейірбандық, әділеттік, әдептілік, ар – намыстылық, өзін - өзі сынау қасиеті, әділдік пен адамгершілік;

3) ерік – жігері мен сезім әрекетіне байланысты топ: жұмысқа қабілеттілігі, ерік – жігеріне әсер ету қабілеті, байсалдылық немесе сабырлылық, шыдамдылық, кәсіби оптимизм;

4) ұйымдастырушылық тобы: ынталылық, тәртіптілік, кәсіби жауапкершілік, кәсіби дербестік, педагогикалық қарым – қатынасқа қабілеті мен кез – келген іс - әрекетті ұйымдастыра алу қабілеті;

5) ойлау мүдделеріне байланысты ұйымдастырылатын топ: кәсіби – педагогикалық ойлау, техникалық интеллект, педагогикалық бақылаушылық, жүзеге асыру қажеттілігі, педагогикалық ой арқылы көз алдына елестету қабілеті, педагогикалық рефлексия мен жобалау;

6) психодинамикалық топ: жалпы белсенділігі, әсемділік, сезім әрекетінің тұрақтылығы, психикалық реакция темпі, сезімнің тез қозып әсерленуі, біркелкілік, дағдыны қалыптастырудағы жетістік. [7]

Жоғарыда аталған кез келген қасиеттің біреуі психодинамикалық топпен байланысты, себебі психодинамикалық қасиеттер алғы шарты іс-әрекетті орындау шарты ретінде алға шығады.

Дәстүрлі көзқарас бойынша қарастырытын болсақ, оның негізгі мақсаты – кәсіби бағдар беруде жеке тұлғаны оқыту болып табылады. Оқыту үрдісі кезінде жеке тұлғаға тән ерекшеліктері оқытылады: бағыт-бағдар, қызығушылықтары, қажеттіліктері, қабілеттері, бейімділіктері, кәсіби ниеті, кәсіби бағыттылығы, мінез ерекшеліктері, темпераменті мен денсаулық жағдайы ескеріледі. Оқушылардың білімін, іскерлік пен дағдылардың қалыптасуы жеке тұлғаның дамуымен және оның бойындағы қасиеттер мен іскерлік қабілеттерінің қалыптасуымен параллель жүреді. Олардың бойындағы маңызды қасиеттер мен іскерлік қабілеттер кәсіби дайындық процесі барысында қалыптасады. Сонымен қатар, бұл қасиеттер арнайы білім, іскерлік дағдыны қалыптастырумен тығыз байланысты және бір-біріне тәуелді болып саналады.

Адамның қабілеті оның істеген іс-әрекеті бойынша анықталады. Мұндағы маңыздысы, іс-әрекетте қабілеттер тек қана байқалып қоймайды, сонымен қатар онда дамиды. Осыған байланысты бейімділік пен қабілеттілік арасындағы қарым-қатынас туралы сұрақ шешіледі. Бейімділік бойында жасырынған қасиеттерді жандандыруға, оның қабілеттерін айқындауға, қалыптастыруға көмектеседі, сонымен бірге белгілі мөлшерде оның кәсіби бағыттылығын анықтайды.

Оқытудың жаңа технологиялары тек білім сапасын арттыруға, оқушылардың пәндік және түйінді құзыреттерін қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге оларды тұлға ретінде қалыптастыруға да септігін тигізеді.

1. Қзақбаева Д. Оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың тиімділігі. Алматы: // Ұлт тағалымы. №2. 2010. 85 – 89 б

2. Жадрин М.Ж. Образование, ориентированное не результат, как новая модель школьного образования, // Открытая школа, 2003, №12, С. 3-6

3. Чошанов М.А. Дидактическое конструирование гибких технологий обучения. // Педагогика. 1997. №27, С. 21-29
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М., Педагогика, 1980
5. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. Алматы, 1966. 187 с
6. Шолпанқұлова Г.К. Оқыту процесінде пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың гумандық қарым – қатынасын қалыптастыру. Алматы, 1997 – 88 б
7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. М., Народное образование, 1998.

### Резюме

Применение новых технологии обучения, также методологическая и теоретическая основа исследования – ведущие положения современной философии и психологии о соотношении теории и практики, о развитии личности, теория познания, теория деятельности, теория системного и личностно-ориентированного образования, теория межпредметных связей, теория целостного педагогического процесса, гуманистическая парадигма образования имеют большое значение.

### Summary

Application of new technologies, also methodological and theoretical basis of research – leading tenets of modern philosophy and psychology about correlation of theory and practice, about individual's development, theory of cognition, theory of activity, theory of systemic and individual-oriented teaching, theory of subject relations, theory of whole pedagogical process, humanistic education paradigm have an important significance.

УДК 378.016:17.02 - 044.352 - 053.67 (514)

## ЖАС ҰРПАҚТЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ, РУХАНИ ИМАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Л.М. Қатпаева – Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы еліміздің күрделі кезеңде атқарған істерімен бірге, алдағы ауқымды міндеттерін де айқындап берді.

Президент алдағы он жылды жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамудың онжылдығы ретінде жариялап, Қазақстан экономикасы дамуының негізгі бағыттарын белгіледі. Нұрсұлтан Назарбаев еңбек өнімділігін көтерудің басты жолы инновацияны еңгізу екенін атап керсетті. Ұлттық экономиканың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру осы инновациялық қадамдардан бастау алатынын айтты. Инновация - өсу, өрлеу, даму кепілі. Мемлекет басшысы атап керсеткендей, ендігі жерде өңір экономикасын бағалау, оған қаржылай қолдау көрсету осы инновацияны еңгізу критерийлері бойынша жүргізілмек.

Жолдауда ұсынылған стратегия Қазақстан халқының әл-ауқатын әрі қарай арттыруға, экономиканың өсуіне, қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, қазақстандықтардың денсаулығын, білім сапасын нығайтуға бағытталған.

Қоғамның рухани-адамгершілік мәселелері ҚР білім беру мекемелерінде тәрбие жүйесі мәселелері көбінесе мемлекетіміздің ХХ-ХХІ ғасырларда басынан өткізген әлеуметтік өзгерістерге байланысты. Әлеуметтік құрылымның өзгеруі, кеңестік идеологиялық институттардың жойылуы, "жабайы", нарықтық қатынастар, қоғамда қалыптасқан рухани өмірдің бұзылуы, "өз ойыңды еркін айту керек дегенді, "бәрін істеуге болады" деген ақпарат құралдарының әсерінен идеологиялық вакуум пайда болып ізгілікке қарсы идеялардың көзқарастардың, құбылыстардың (нашақорлық, алкоголизм, жыныстық көргенсіздік, жеке бастық прагматизм, арсыздық, ашушандық және т.б.) дамуына әкелді. Бұлар біздің жастарға кері ықпал жасайды.

Адам тәрбиелеу, ұрпақ өсіру - ең жауапты мәселе. Патриоттық қасиет - бұл адамгершілік тәрбиесінің негізгі бір тармағы, адам бойындағы негізгі құндылықтар болып табылады. Осыған байланысты ЖОО болашақ мамандарды дайындауда оқу-тәрбие жұмыстарын жан-жақты толықтырып, халықтық тәлім-тәрбиенің озық үлгілерімен сабақтастырып қайта қарап шығу, бойында еліне,

жеріне деген сүйіспеншілік сезімі дамыған азамат тәрбиелеу бүгінгі күн талабының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр [1].

"Елдің елдігін, оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрін сақтайды" деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;
- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- ата-бабалар өсиетін орындау;
- жер байлығы мен табиғатты қастерлеу.

Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуына отбасы тәрбиесі әсер етеді.

"Ел болам десең, бесігінді түзе" - дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдерімен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс.

Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі бала-шағаның баянды болуы жастардың тағдыр-тәлкегінің қалай қалыптасқанына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу орындарының басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибие жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу.

Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қимылдарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Әр баланың жеке басы - оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау-бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі [2].

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау кенпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды [3].

Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр - түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі. Адамгершілік - адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жана қадам болып табылады.

Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады»,— дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаны өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер тәлім-тәрбиесі мол болмақ. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі

ұстайды. Ал, адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік - адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады.

«Мен үш қасиетімді мақтан тұтам», - депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым, ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Демек ұлттық құндылықтарды игерген, рухани бай, өресі жоғары, білімді, ел болашағын ойлайтын тұлға қалыптастыру мәселесімен жұмыс істеу керек. Ең бастысы – тәрбиеге ерекше көңіл бөліп, білім беру. Мәселен, ғұлама ұлы бабамыз Әл-Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе, А. Байтұрсынов «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет...» деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын атап өтеді [4]. Ендеше осы қағидаларды біз әрқашан жадымызда ұстауымыз керек. Ең алдымен, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарды сыйлайтын, сүйетін тұлға тәрбиелеуге тырысуымыз қажет.

Өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Баласағұн, Қашқари, Йассауи, т.б. еңбектері – қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазыналар. Сондай-ақ Асан қайғы, Ақтамберді сияқты ақын-жыраулардың толғаулары мен дана өсиеттерінің қазіргі жастардың тәрбиесі мен біліміне берер пайдасы, қосар үлесі қаншама? Абай мұрасының, оның педагогикалық көзқарастарының алар орны тіпті ерекше. Жарық жұлдыздарымыз Шоқан, Ыбыраймен қатар XX ғасыр басында тәлімдік ой-пікірлермен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжандардың педагогикалық, психологиялық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесіп жатыр.

Біз ауыз екі сөйлеу тілімізде де, әдеби тілімізде де «рухани-адамгершілік», «рухани бай», байлық», «рухани дүние», т.б. сөздер мен сөз тіркестерін жиі қолданамыз. Алайда, көпшілігіміз сол «рух» деген сөздің түпкі мағынасына мән бермейміз. Философиялық сөздікте «рух» көбінесе «идеалды», «сана», «ойлау» сияқты тірі түсініктер ретінде пайдаланылады [5]. Философия жоспарындағы рухтың негізгі сұрағы материяға қарсы тұрады. Яғни, дінге сүйенетін болсақ, Хижра сүресінде рух туралы сөз қозғалған. Рух – таза және пәк әлемнің тамшысы. Оны ананың денесіне әкеліп салады. Денесінде рух салынған сәби ана құрсағында сол сәттен бастап қимылдай бастайды. Ол адамның жүрегінде мекендейді. Әр адамда екі қуат бар: біріншісі – тән, екіншісі – рух. Ж. Аймауытов бұл туралы өзінің еңбегінде «Тәрбие екі түрлі: дене тәрбиесі және рух тәрбиесі. Хайуан көбінесе денесін тәрбиелейді, ал адам баласына дене тәрбиелеумен бірге рухын, ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбиелеуі керек. Дене мен рухы бірдей тәрбиеленген кісі сыңаржақтау болады» деп жазады [6].

Қорыта келгенде, жасөспірімдердің рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру арқылы толыққанды жетілген азамат тәрбиелеуге болады. Рухани қасиет пен білім беруде адам дамуының рухани үйлесімділігін түйсінуді қамтамасыз етеді. Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыруда деп түсінеміз және ол кезек күттірмейтін мәселе.

1. Сатыбаев С. Халық әдебиетінің тарихы негіздері. – Алматы, 1992.

2. Баймуратова Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау. – Алматы: Шартарап, 2000.

3. Рахметова С.З. Адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы. – Республ.педагогические чтения. 2007.

4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактат. – Алматы, –1973. -215б.

5. Философиялық словарь/ Под ред. Фролова.А.М. - М., 1980.

6. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924. – 183б.

## Резюме

### Нравственное воспитание молодого поколения с ранней возрасти

В данной статье рассматриваются вопросы воспитания молодого поколения в духе нравственности, гуманизма, терпимости.

## Summary

### Moral education young generation with early to increase

This article discusses the issues of upbringing the young generation in the spirit of morality, humanism and tolerance.

## **ТУРИЗМ**

ӘОЖ 546. 15:631.4(574.4)

### **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК НЫСАНДАРЫНЫҢ ТУРИСТІК МҮМКІНДІКТЕРІ**

**А.Т. Садвакасова** - оқытушы, *Шет тілдер және іскерлік карьера университеті*

Шығыс Қазақстан облысы Қытай, Монғолия және Ресей шекараларының қиылысында орналасқан. Аймақ территориясының көп бөлігін Рудалық және Оңтүстік Алтай, Қалба және Сауыр Тарбағатай тауларының тізбегі алады. Таулар шыңының биіктігі 800-ден 1500 м жетеді, ал Алтайдың шығыс бөлігіндегі шыңдар 3000-400 м (Белуга шыңы). Негізгі өзендер қатарын Ертіс және оның салалары: Үлбі, Үбі және Бұқтырма құрайды. Ең үлкен көлдері Марқакөл, Зайсан, Раманов, Сасықкөл, Алакөл және Маралды. Ауа райы өте континенталды, күндізгі уақыты ұзақ, жылдық температура ауыспалы [5].

